

Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясы

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты

Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы

**Бекітемін**

Академия бастығының  
оқу ісі жөніндегі орынбасары  
з.ғ.д., профессор  
полиция полковнигі  
З.С.Тоқыбаев \_\_\_\_\_  
2018 жыл « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

АРКУРВСКРР РК 7306 «Қазақстан Республикасының құқықтық саясат  
тұжырымдамасы аясында қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың  
өзекті мәселелері»

**пәні бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы  
(SYLLABUS)**

Мамандығы 6D030300 - құқық қорғау қызметі  
(докторанттар PhD үшін)

Оқыту нысаны: күндізгі  
Курс: 1  
Семестр: 2  
Кредит саны: 2  
Дәріс: 10 сағат  
Семинар: 10 сағат  
Тәжірибелік сабақтар: 10 часов  
ДООЖ: 30 сағат  
ДӨЖ: 30 сағат  
Межелік бақылау: 2  
Емтихан: 1 семестр

Қарағанды – 2018 ж.

«Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы аясында қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың өзекті мәселелері» пәні бойынша оқыту бағдарламасы (SYLLABUS) мамандығы 6D030300 - құқық қорғау қызметі үшін арналған.

Құрастырғандар: Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті з.ғ.к., Г.Ж.Мухамадиева, кафедра аға оқытушысы Н.С.Сембиев.

Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының мәжілісінде қарастырылды «\_05\_» \_маусым\_ 2018 ж. Хаттама № \_24\_

Кафедра бастығы  
полиция полковнигі

С.Қ.Алтайбаев

Заң институтының оқу-әдістемелік комиссиясының отырысында қаралып, мақұлданды «\_14\_» \_\_06\_\_ 2018 ж., №\_11\_ хаттама

Академияның оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді «\_\_» \_\_\_\_\_  
2018 ж., №\_\_ хаттама

© Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Б.Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясы 2018 жыл

## 2.1. Негізгі ақпарат

1. Шифр және мамандық атауы	6D030300 – Құқық қорғау қызметі
2. Курс, семестр	1 курс, 2 семестр
3. Пән цикл	«Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы аясында қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың өзекті мәселелері»
4. Кредит саны	3
5. Сабақ өткізу орыны	Жоғарғы білімнен кейінгі институт
6. Дәріскер (Т.А.Ә, лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Доцент, з.ғ.к., полиция полковнигі Мұхамадиева Гүлнара Жақсыбайқызы. Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы. ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, кабинет 201. Байланыс телефоны: 303-368
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә, лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Доцент, з.ғ.к., полиция полковнигі Мұхамадиева Гүлнара Жақсыбайқызы. Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы. ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, кабинет 201. Байланыс телефоны: 303-368

**2.2. Пререквизиттер:** Аталған пән бойынша материалдарды қажетті және жеткілікті зерделеу үшін Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын сенімді меңгеру, яғни жоғары білікті сауатты заңгердің өзінің кәсіби қызметін айқын бағдарлай алу үшін қажет.

**2.3. Постреквизиттер:** осы пәнді оқу қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралауға мүмкіндік береді, докторанттар өздерін қызықтыратын ғылыми тақырыптары бойынша оқытылған материалдарды жұмыстарында қолдануы.

**2.4. Пәнді қысқаша сипаттау:** «Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы аясында қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың өзекті мәселелері» – негізінен қылмыстық-құқықтық нормалардың қолданылуы мен қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауға арналған. Қылмыстық заңнаманы қолдануда құқықтық қолдану қызметінің барлық сатыларында ерекше орын алады.

«Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы аясында қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың өзекті мәселелері» пәнін терең білу Қазақстан Республикасының сот органдары мен құқық қорғау қызметінде кәсіби қызметтерін сәтті атқару үшін қажет.

## 2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны мен мақсаты	Ұсынылатын әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг шкалаға) сәйкес	Балл (рейтинг шкалаға) сәйкес	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1.	Семинарлық немесе тәжірибелік сабақта ауызша жауап	Семинарлық және тәжірибелік сабақ жоспарына сәйкес	Семинарлық немесе тәжірибелік сабаққа ұсынылатын әдебиеттерді қолдану	Оқу жоспары мен оқу кестесіне сәйкес пәннің оқытылу мерзімі	Семинарлық немесе тәжірибелік сабақтардың тақырыптары бойынша ауызша жауапқа 100 баллға дейін	Межелік бақылауда семинарлық немесе тәжірибелік сабақтардың ауызша жауаптары бағаланады	Оқу жоспары мен оқу кестесіне сәйкес семинарлық немесе тәжірибелік сабақта
2.	ДООЖ ауызша жауабы, баяндамамен шығу	ДООЖ сабақ жоспарына сәйкес	ДООЖ ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Пәннің оқытылу мерзімі оқу жоспары мен оқу кестесіне сәйкес	Семинарлық немесе тәжірибелік сабақтардың, реферат, баяндама тақырыптары бойынша ауызша жауапқа 100 баллға дейін	Межелік бақылауда семинарлық немесе тәжірибелік сабақтардың ауызша жауаптар, реферат, ДООЖ бағаланады	Оқу жоспары мен оқу кестесіне сәйкес ДООЖ
3.	Жазбаша жұмысқа дайындық	ДООЖ сабақ жоспарына сәйкес	ДООЖ ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Пәннің оқытылу мерзімі оқу жоспары мен оқу кестесіне сәйкес	Қортындыларды қоғау тақырыптары бойынша ауызша жауапқа 100 баллға дейін. Ауызша қорғалады	Межелік бақылауда ауызша жауаптар, қортынды қоғау бағаланады	Оқу жоспары мен оқу кестесіне сәйкес ДООЖ
4.	ДӨЖ	ДӨЖ сабақ	ДООЖ	Пәннің	Қортынды	Межелік	Оқу

	шеңберінде баяндама бойынша ауызша жауаптар.	жоспарына сәйкес	ұсынылған әдебиеттерді қолдану	оқытылу мерзімі оқу жоспары мен оқу кестесіне сәйкес	ыларды қоғау тақырыптары бойынша ауызша жауапқа 100 баллға дейін. Ауызша қорғалады	бақылауда ауызша жауаптар, үй тапсырмалары, семинар және ДООЖ бағаланады	жоспары мен оқу кестесіне, семинар сабағына сәйкес ДООЖ
5.	Емтиханға дайындық	Емтихан сұрақтары	Силлабусте көрсетілген әдебиеттер	Оқу жылы бойы дайындық	Ауызша жауаптың нәтижесі бойынша 100 баллға дейін	Қортынды бақылау ауызша жауаптың толық әрі нақтылығына қарай бағаланады.	Оқу жоспары мен оқу кестесіне, семинар сабағына сәйкес ДООЖ
6.	Семинарлық немесе тәжірибелік сабақта ауызша жауап	Семинарлық және тәжірибелік сабақ жоспарына сәйкес	Семинарлық немесе тәжірибелік сабаққа ұсынылатын әдебиеттерді қолдану	Пәннің оқытылу мерзімі оқу жоспары мен оқу кестесіне сәйкес	Семинарлық немесе тәжірибелік сабақтардың тақырыптары бойынша ауызша жауапқа 100 баллға дейін	Межелік бақылауда семинарлық немесе тәжірибелік сабақтардың ауызша жауаптары бағаланады	Оқу жоспары мен оқу кестесіне сәйкес семинарлық немесе тәжірибелік сабақта
7.	ДӨЖ шеңберінде баяндама бойынша ауызша жауаптар.	ДӨЖ сабақ жоспарына сәйкес	ДООЖ ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Пәннің оқытылу мерзімі оқу жоспары мен оқу кестесіне сәйкес	Қортындыларды қоғау тақырыптары бойынша ауызша жауапқа 100 баллға дейін. Ауызша қорғалады	Межелік бақылауда ауызша жауаптар, үй тапсырмалары, семинар және ДООЖ бағаланады	Оқу жоспары мен оқу кестесіне, семинар сабағына сәйкес ДООЖ
8.	Жазбаша жұмысқа дайындық	ДООЖ сабақ жоспарына	ДООЖ ұсынылған әдебиеттер	Пәннің оқытылу мерзімі оқу	Қортындыларды қоғау	Межелік бақылауда ауызша	Оқу жоспары мен оқу

		сәйкес	ді қолдану	жоспары мен оқу кестесіне сәйкес	тақырыптары бойынша ауызша жауапқа 100 баллға дейін. Ауызша қорғалады	жауаптар, қортынды қоғау бағаланады	кестесіне сәйкес ДООЖ
9.	ДӨЖ шеңберінде баяндама бойынша ауызша жауаптар.	ДӨЖ сабақ жоспарына сәйкес	ДООЖ ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Пәннің оқытылу мерзімі оқу жоспары мен оқу кестесіне сәйкес	Қортындыларды қоғау тақырыптары бойынша ауызша жауапқа 100 баллға дейін. Ауызша қорғалады	Межелік бақылауда ауызша жауаптар, үй тапсырмалары, семинар және ДООЖ бағаланады	Оқу жоспары мен оқу кестесіне, семинар сабағына сәйкес ДООЖ
10.	Емтиханға дайындық	Емтихан сұрақтары	Силлабусте көрсетілген әдебиеттер	Оқу жылы бойы дайындық	Ауызша жауаптың нәтижесі бойынша 100 баллға дейін	Қортынды бақылау ауызша жауаптың толық әрі нақтылығына қарай бағаланады.	Оқу жоспары мен оқу кестесіне, семинар сабағына сәйкес ДООЖ

**2.6. Курс саясаты:** Әрбір докторанттар барлық оқу сабақтарына қатысуы тиіс, топта тақырыптарды талқылау барысында және топтық жұмыс кезінде белсенділік танытуы тиіс, үлгерім нашар басқа докторанттарға көмек көрсетіп, өзара әрекеттестік қарым-қатынасты жетілдіру керек.

Докторанттарға қойылатын талаптар сабақтарға қатысу, семинар сабақтарына жүйелі түрде дайындалу, ДООЖ және ДӨЖ бойынша тапсырмаларды тапсыру, рейтингті тапсыру, сабақ барысында белсенділікті көрсету, тапсырмаларды дер кезінде тапсыру, курстың жекелеген тақырыптарын, пәнді оқып білуде ынта-жігер көрсету негізінде жүзеге асырылады.

Докторанттардың дәлелсіз себептермен сабақтарды босатуына, сабаққа кешігіп келуіне, сабақ барысында ұялы телефонды қолдануға, оқытушыны және басқа да докторанттарды сабақтан алаңдататын қылықтар көрсетуіне, оқытушы және басқа да докторанттарға қатысты бейбастық пен дөрекілік көрсетуіне,

тапсырмаларды орындамау немесе дер кезінде орындамауына, пәнді оқып білудің рұқсат етілмеген әдістемелерін қолдануға жол берілмейді.

Семестрде межелік бақылау өткізу қарастырылған. Межелік бақылау тест немесе бақылау жұмысы түрінде және өтілген тақырыптар көлемінде өткізіледі.

## 2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

№ р/н	Автор, атауы	жыл, басылым атауы
<b>1. Нормативтік құқықтық актілер</b>		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы	30.08.1995 ж. (соңғы өзерт. мен толықт.) Алматы: баспа. «Юрист».
2	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі	03.07.2014ж. – Алматы: баспа. «Норма-К».
3	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі	18.09.2009ж. БД «Заң РҚПИ» ҚР ӘМ.
4	ҚР Заңы «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл шаралары туралы»	10 шілде 1998. (соңғы өзерт. мен толықт. 31.05.2002, 20.12.2004, 2.03.06.)
5	ҚР Заңы «Мемлекеттік қызмет туралы»	23 шілде 1999. (соңғы өзерт. мен толықт. 4.06.2001, 11.03.2003, 21.04.2003, 25.09.2003, 8.07.2005, 21.07.2007, 7.12.2009ж.),
6	ҚР Заңы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы»	2 шілде 1998. (соңғы өзерт. мен толықт. 28.04.00, 9.08.2002, 25.09.2003, 11.05.2004, 21.07.2007, 7.12.2009
7	ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулысы «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007ж соңғы өзерт. мен толықт. 21.04.2011ж.)	11.05.2007. (соңғы өзерт. мен толықт.21.04.2011ж.)
8	ҚР ЖСНҚ «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы»	11.05.2007. (соңғы өзерт. мен толықт. 21.04.2011ж.)
9	ҚР ЖСНҚ «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның арнамысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы»	28.12.2009ж. ((соңғы өзерт. мен толықт. 21.04.2011ж.)
10	ҚР ЖСНҚ «Есірткі, психотроптық және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы»	14 мамыр 1998. (соңғы өзерт. мен толықт. 30.04.99, 22.12.2000, 11.07.2003 и 21.04.2011ж.).
11	ҚР ЖСНҚ «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы»	11.07.2003ж. (соңғы өзерт. мен толықт. 21.04.2011ж.).

12	ҚР ЖСНҚ «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы»	23.06.2006г. (соңғы өзерт. мен толықт. 21.04.2011г.).
13	НПВС РК «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы»	21.06.2001ж.
14	ҚР ЖСНҚ «Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылығыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы»	21.06.1995ж. (соңғы өзерт. мен толықт. 21.04.2011ж.
15	ҚР ЖСНҚ «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы»	12.01.2009ж. (соңғы өзерт. мен толықт. 21.04.2011 г.).
16	НПВС РК «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы»	25.12.2006ж. (соңғы өзерт. мен толықт. 21.04.2011 г.).
17	ҚР ЖСНҚ «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы»	25.12.2007ж. (соңғы өзерт. мен толықт. 21.04.2011 ж.)
18	ҚР ЖСНҚ «Қылмыстық жаза тағайындау кезінде соттардың заңдылықты сақтау туралы»	30.04.99 г. (соңғы өзерт. мен толықт. 25.12.2007ж.),
19	ҚР ЖСНҚ «Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы»	19.10.2001ж. (соңғы өзерт. мен толықт. 28.10.2005ж.),
20	ҚР ЖСНҚ «Сот үкімі туралы»	15.08.2002ж. (соңғы өзерт. мен толықт. 9.03.2006ж.),
21	ҚР ЖСНҚ «Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 67-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы»	21.06.2001г. (соңғы өзерт. мен толықт. 11.07.2003ж.),
22	ҚР ЖСНҚ «Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату туралы»	11.04.2002 ж.
23	ҚР ЖСНҚ «Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы»	25.12.2007ж.
24	ҚР ЖСНҚ «Соттардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар жөніндегі қылмыстық істерді қарау практикасы туралы»	13,12. 2001. (соңғы өзерт. мен толықт. 22.12.2008ж.),
25	ҚР ЖСНҚ «Парақорлық үшін жауапкершілік жөніндегі заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы»	22. 12. 1995. (соңғы өзерт. мен толықт. 20.12.99. и 22.12.2008ж.)

## 2. Негізгі әдебиеттер

26	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: Оқу құралы. –	Қарағанды: ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы ҚЗИ, 2002.
27	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: Курс дәрістері. //Жалпы ред, ред. И.Ш. Борчашвили. –	Қарағанды: ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы ҚЗИ, 2002.



28	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: / Жалпы ред. Каиржанов Е.И. Баспа. 2. қосымша.	Алматы: Жеті жарғы. 1998
29	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: /Ред. д.ю.н., профессор Борчашвили И.Ш.	Алматы: Жеті жарғы. 2006ж.
30	ҚР қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: Т.1-2. // Ред. И.Ш. Борчашвили, М.М. Оразалиева.	Қарағанды: ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы ҚЗИ, 2002.
31	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Курс дәрістері. //Жалпы ред, И.Ш. Борчашвили. –	Алматы: Жеті жарғы. 2006ж.
32	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім	Оқулық.- Алматы: Жеті жарғы, 2003г.
33	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім. ЖОО арналған /Ред. з.ғ.д., профессор И.И. Рогов және з.ғ.к., профессор С.М. Рахметов	Алматы, ТОО «Баспа», 2001ж.
34	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім. //Ред. И.Ш. Борчашвили., С.М.Рахметов.	Алматы. 1999ж. – 2000ж.
35	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығына түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөлім / Жалпы ред. И.Ш. Борчашвили. 2 баспа –	Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 992 б.
36	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодесіне түсіндірме. Екі кітапта.	Алматы: Баспа «Норма-К», 2003ж.
37	Абдиров Н.М., Борчашвили И.Ш. Уголовная ответственность за угон транспортных средств и его предупреждение	Қарағанда: 1995
38	Абдиров Н.М., Мами Н.А., Сарсеков Б.С. Уголовно-правовые меры борьбы с преступлениями, связанными с наркотиками.	Алматы. 1998
39	Абдиров Н.М. Концептуальные проблемы борьбы с наркотизмом в РК. (криминологическое и уголовно-правовое исследование).	Алматы. 1999.
40	Агыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлімі. Оқулық.	Алматы: Жеті жарғы. 1998.
41	Агыбаев А.Н. Уголовная ответственность за должностные злоупотребления в РК.	Алматы. 1995
42	Абдрахманов С.З. Признаки субъекта коррупционных преступлений. Уч. пос.	Қарағанда. 2004.
43	Абдрахманов С.З. Коррупционные преступления: Монография. -	Қарағанда: ҚР ПМ ҚЗИ баспасы, 2006.
44	Алауов Е.О. Проблемы правовой борьбы с вымогательством	Алматы, 1997.
45	Апенев С.М. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері.	Алматы. 2006.

46	Аширбеков А.И. Назначение более мягкого наказания, чем предусмотрено за данное преступление: Диссертация на соиск. учен. степ. канд. юрид. наук.-	Караганда: ҚР ІІМ ҚЗИ баспасы , 2008.
47	Возняк О. А. Освобождение от уголовной ответственности в связи с изменением обстановки: Автореф. дис. ... к.ю.н. /О.А. Возняк. -	Алматы: Қазақстан Республикасы, 2008.
48	Баймурзин Г.И. Характеристика объекта оскорбления и клеветы.	Алматы, 1992ж.
49	Борчашвили И.Ш., Жуманиязов М.А., Цой Н.А. Уголовная ответственность за преступления против чести, достоинства и репутации личности. Монография.	- Астана, 2009ж.
50	Борчашвили И.Ш., Жуманиязов М.А. Преступления против жизни. Монография.	Астана, 2009.
51	Борчашвили И.Ш. Квалификация преступлений против здоровья, половой неприкосновенности, свободы чести и достоинства граждан. Монография	Астана, 2009.
52	Борчашвили И.Ш. Квалификация преступлений против здоровья, половой неприкосновенности, свободы чести и достоинства граждан: Монография.-	Астана, 2003
53	Борчашвили И.Ш., Мукашев А.К. Преступления против собственности: Монография.-	Астана, 2003
54	Борчашвили И.Ш. Квалификация отдельных видов должностных преступлений.	Караганда, 1991
55	Борчашвили И.Ш., Баатов К.Ж. Воинские преступления. ЖЕТІ ЖАРҒЫ.	Алматы, 2006.
56	Борчашвили И.Ш. Коррупционные преступления: закон, теория и практика. ЖЕТІ ЖАРҒЫ.	Астана, 2003
57	Балтабаев С.А. Ответственность юридического лица в уголовном праве. Автореферат дисс. к.ю.н.	Караганда, 2007
58	Балтабаев С.А. Решение оперативно-тактической задачи по привлечению к ответственности юридических лиц». Уч. пособие.	Караганда, 2015 г.
59	Бакишев К.А. Транспортные преступления: квалификация и наказание по уголовному законодательству РК. Монография	Астана, 2003
60	Буйтекулы К. Уголовно-правовые и криминологические проблемы борьбы с незаконным распространением наркотических средств или психотропных веществ в Казахстане: Монография.	Қостанай. ҚР ӘМ ҚАЖК , 2009.
61	Бородин С.В.Преступления против жизни.	М., 2000.
62	Борьба с кражами чужой собственности по законодательству РК. Учебное пособие //Отв. ред. Б.М. Нурғалиев.	Караганды: ҚР ІІМ ҚЗИ, 2004.
63	Жунусов Б.Ж. Условное осуждение в уголовном законодательстве РК. Монография.	Караганды. 2006г.
64	Завотпаев Р.Т. Терроризм: исторический и уголовно-правовой аспекты. –	Караганда. 2005.

65	Иманбаев С.М. Уголовно-правовая характеристика преступлений в сфере незаконного оборота предметов вооружения по законодательству Республики Казахстан. Монография.	Караганда, 2010.
66	Құлжақаева Р.Б., Мергембаев Д.А «Ұйымдасып жасаған қылмыстардың жауапкершіліктері» Оқу құрал.	Қарағанды. 2015 ж.
67	Құлжақаева Р.Б. Қылмыстың құрамы» Оқу құрал.	Қарағанды. 2002 ж.
68	Каракушев С.И. Преступления, связанные с венерическими заболеваниями и ВИЧ/СПИДом (уголовно-правовые и криминологические проблемы: Автореф. дис. ... к.ю.н.	Астана, 2000.
69	Корзун А.В. Необходимость введения уголовной ответственности за уклонение от лечения венерической болезни.	Алматы. 1999.
70	Кулмуханбетова Б.А. Имущественные наказания по уголовному праву РК: Автореф. дис. ... к.ю.н.	Алматы, 2004ж.
72	Курбатов Е.В. «Получение взятки: уголовно-правовые, процессуальные и криминалистические аспекты». Уч. пособие.	Караганда. 2001.
73	Коцегулов Б.Б. Уголовно-правовая характеристика нарушения авторских и смежных прав. Уч. пособие.	Караганда, 2012
74	Мадиев А.М. Назначение наказания за преступление, совершенное в соучастии /Дис. ... к.ю.н.	Караганда: РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 2007.
75	Михлин А.С. Освобождение от отбывания наказания.	Советская юстиция, 1987 г, № 14, С. 25.
76	Мухамадиева Г.Ж. Уголовно-правовая характеристика фальшивомонетничества: Учебное пособие.	-Караганда: ҚР ІІМ ҚЗИ баспасы, 2009.
78	Пенчуков Е.В. Субъективная сторона преступлений, связанных с нарушением специальных норм или правил. Учебное пособие.	Караганда, 2011.
79	Поленов Г.Ф. Подлоги документов и уголовный закон: Учебное пособие. - Изд-во ВШП АДЛЕТ.	Алматы: 2001
80	Рахметов С.М., Макажанов А.К. Изнасилование.	Алматы. 2003.
81	Савельева В.С. Основы квалификации преступлений. Уч. пос. -	М. 2007г.
82	Сакенова А.Б. Уголовная ответственность за убийство лица или его близких в связи с осуществлением данным лицом служебной деятельности либо выполнением профессионального или общественного долга. Учебное пособие.	Караганда: 2011ж.
83	Саламатов Е.А. Институт добровольного отказа от преступления в уголовном праве Республики Казахстан: Автореф. дис. ... канд.юрид.наук.	Алматы, 2001.
84	Сабанин С.Н., Тупица А.Х. Освобождение от уголовной ответственности и наказания.	Свердловск, 1987 ж.
85	Сейтхожин Б.У. – Квалификация коррупционных преступлений: Теория и практика применения.	Караганда, 2014.
86	Соколова М.В. Об уголовной ответственности мате-	Заң замаң. 1999ж. № 4.

	ри за убийство новорожденного ребенка.	
87	Темирова Д.С. Проблемы уголовной ответственности лиц с психическим расстройством, не исключаящим вменяемость. Уч. пособие.	- Караганда, 2009ж.
88	Тессман С.А. Двойная форма вины: понятие, содержание, значение. Уч. пос.	Алматы: Данекер, 2004ж.
89	Тургумбаев Е.З. Уголовная ответственность за превышение власти или должностных полномочий. Учебное пособие.	Алматы. 2004.
90	Тарханов И.А. Замена наказания по советскому уголовному праву.	Казань, 1982 ж.
91	Ткачевский Ю.М. Освобождение от отбывания наказания.	М., 1970 ж.
92	Уголовные правонарушения против личности в свете нового уголовного законодательства Республики Казахстан. Учебное пособие.	Караганда, 2015 ж.
93	Уканов К.Ш. Предупреждение хищений в РК: уголовно-правовые и криминологические аспекты.	Алматы. ҚР ІІМ академиясы, 2003.
94	Уметов А.У. Проблемы борьбы с организацией или содержанием притонов для потребления наркотических средств или психотропных веществ: уголовно-правовое и криминологическое исследование. Учебное пособие	Караганда, 2009.
95	Чокина М.В. Уголовно-правовые проблемы убийства матерью новорожденного ребенка	Алматы. 2004ж.
96	Феткулов Г.Х. «Проблемы уголовно-правовой борьбы с незаконным оборотом наркотиков». Учебное пособие.	Астана-2003.
97	Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Оқулық.	Алматы. Жеті жарғы 2007 ж.

### 3. Қосымша әдебиеттер

98	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050 Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы	17.01.2014 ж. Астана.
99	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы Жол - путь в будущее» атты Қазақстан халқына Жолдауы	11.11. 2014 ж, Астана.
100	2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы концепция	24.08.2009ж. Казахстанская правда 27.08.2009 ж. № 205.
101	Сот-медициналық сараптаманы жүргізу және ұйымдастыру нұсқаулығы	ҚР денсаулық сақтау министрлігі № 875/1 20 мамыр 2010 ж.

### 4. Ғаламтор көзі

102	<a href="http://adilet.zan.kz/rus">http://adilet.zan.kz/rus</a>	
103	<a href="http://web.kzi.kz/index.php/ru/ob-akademii">http://web.kzi.kz/index.php/ru/ob-akademii</a>	
104	<a href="http://mvd.gov.kz/">http://mvd.gov.kz/</a>	

## 2.8. Пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары

	Тақырыптар атауы	Барлығы	Барлық ауди.	Дәріс	Сем.	Тәжірім	ДОӨЖ	ДӨЖ
1	Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу, оқталу және өз еркімен бас тарту бойынша қылмыстық-құқықтық бағасы.	9	3	1	1	1	3	3
2	Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігі.	9	3	1	1	1	3	3
3	Адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы және қылмыстық топ жасаған қылмыстарды саралау.	9	3	1	1	1	3	3
4	Жаза түрлері. Жаза тағайындау. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.	9	3	1	1	1	3	3
5	Адам өлтіруді саралау мәселелері	9	3	1	1	1	3	3
6	Зорлауды саралаудың мәселелері	9	3	1	1	1	3	3
7	Пайдакүнемдік және күштеп-пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері	9	3	1	1	1	3	3
8	Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері	9	3	1	1	1	3	3

9	Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің заңсыз айналымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар саралау мәселелері	9	3	1	1	1	3	3
10	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау.	9	3	1	1	1	3	3
	<b>Итого:</b>	<b>90</b>	<b>30</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>30</b>	<b>30</b>

## 2.9. Сабақ жоспары.

**Тақырып-1: Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу, оқталу және өз еркімен бас тарту бойынша қылмыстық-құқықтық бағасы.**

**Дәріс – 1 сағат**

### **Дәріс жоспары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні.
2. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаудан өз ерімен бас тартқан кездегі қылмыстық-құқықтық бағасы.
4. Қылмыстық құқық бұзушылық сатыларын саралауда әсері.

### **Дәріс тезісі:**

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау – яғни қоғамға қауіпті әрекеттерге құқықтық баға беру, қандай құқықтық норманы қолдану, қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілерін анықтауда қажет. Қылмыстық құқық мамандардың жеткілікті білім деңгейінде даярлануы, практика қызметкерлерінің дұрыс, әрі сапалы жұмыс істеуі үшін, өз міндетінің шеңберінде қылмыстық заңдағы өзара ұқсас қылмыстардың бір-бірінен айырмашылығын және заң нормаларын практикада қолдану тәртібін ұсынады. Қылмыстық заң нормаларын практикада, яғни сот-тергеу қызметінде қолдану тәртібі туралы сөз қозғалғанда және оны іске асырғанда қылмысты саралау туралы мәселе орын алады.

Қылмыстық заң нормаларын іс жүзінде қолдану немесе қылмысты іс-әрекеттерді бағалау, ол қылмыстық заңның міндеттерінен туындайды деп түсіну керек. ҚР ҚК 2 бабының мағынасы екі қызметті іске асыруға бағытталған. Біріншісі, қауіптілігі жоғары деп танылған іс-әрекеттерді заңда қылмысты деп жариялау арқылы азаматтардың мұндай әрекеттерді алдағы уақытта жасауына немесе заң нормаларында міндеттер белгіленгенде әрекетсіздік танытуына шектеу қою, тийім салу болып табылады. Екіншісі,

қылмыстық заңның тиым салуына қарамай, қылмысты іс-әрекеттерді жасаған жағдайда оларға жауаптылықты белгілеу үшін заң нормаларын қолдану болып табылады. Қылмыстық заң осы екі міндетті іске асыру үшін өмір сүреді. Қылмысты саралау мәселесі осы екінші міндетті дұрыс, әрі қылмыстық құқықта белгіленген ережелерге сәйкес іске асыруға арналған. Сондықтан қылмысты саралау қылмыстық құқық ғылымының маңызды және жиі қолданылатын ұғымның бірі болып табылады. **Саралау - квалификациялау** ұғымы латын тілінің **qualis** деген сөзінен шығады және **мағынасы сапа** деген сөзді білдіреді.

Саралау-квалификация кезінде болған оқиғаға құқықтық баға беріледі, ал қылмысты саралау кезінде заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға, заңды мүдделерге, құқықтарға және қоғамның құндылықтарына қауіп төндірген, саналы түрде жасалған іс-әрекетке құқықтық бағалау жасалады. Қылмыстық құқықтық бағалау кезінде болған қылмыстық оқиғаны басқа құқық бұзушылықтардан ажыратып, онда қылмыстық құрамы бар немесе жоқтығын анықтап, бар болған жағдайда оны ҚР ҚК Ерекше бөлімінің белгілі бір бабына сәйкестігін табу керек. Қылмысты саралауда жасалған қылмысты іс-әрекетке құқық шеңберінде бағалау жасалып, ол бағалау қылмыстық құқықтың бүкіл көлемін қамтиды деуге болады, себебі іс-әрекетке бағалау берілгенде осы заң қорғайтын объектілерге зиян келтіргендігі, яғни қоғамға қауіптілігі, кінәлілігі тәрізді елеулі белгілері алдымен анықталып, мұнан кейін ғана қылмысты іс-әрекетті белгілі-бір қылмыстық-құқықтық норма көлемінде талдау жүргізіледі.

Қылмысты саралау кезінде екі маңызды категорияның ара-қатынасы, яғни ұғыстық дәрежесі өлшенеді. Біріншісі, қоғамның мүддесіне қайшы жасалған әрекет назарға ілігіп, оған қарсы шара қолдану қажеттілігі туындайды. Мұндай әрекеттер қоғамға қарсы сипатымен, әдетте сол ортадағы әлеуметтің назарлығын тудырып, жалпы адамгершілік тұрғысынан бағалауға алынады. Адамгершілік бағалау мұндай әрекеттерге тиым салу бағытын ұстанғанда ғана, оны қылмыстық заңда қылмыс ретінде бағалау қажеттілігі пайда болады. Демек әлеуметтік-қоғамдық ортада адамгершілікке жатпайтындығына байланысты құқық тұрғысынан қылмыс деп бағаланған құбылыстар өмір сүреді.

Екінші категория, ол заң шығарушының ой жұмысының жемісі емес, әлеуметтік-қоғамдық ортада, сол қоғамда кездесе алатын зиянды іс-әрекеттерді анықтаудың нәтижесінде дүниеге келген қылмыстық заң.

Заң шығарушының зиянды іс-әрекеттерді қылмысты деп белгілеуінде де адамгершілік бағалау жатыр. Ол бағалау әлеуметтік ортаның бағалауына, яғни сол қоғамдағы адамзаттың ортақ бағалауына негізделген болуы немесе сәйкес болуы қажет. Міне осындай себептен қылмыстық құқық өмір сүріп, өзінің өмір сүру себептеріне байланысты басты міндетін, яғни қылмыстық құрамдарды анықтаумен және оларға жазаның түрі мен көлемін белгілеумен айналысады.

**Әдебиеттер: 1-2; 26-36; 40; 45; 67; 78; 81; 87-88.**

**Семинарлық сабақ – 1 сағат**

**Семинарлық (тәжірибелік) сабақтың сұрақтары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні.

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаудан өз ерімен бас тартқан кездегі қылмыстық-құқықтық бағасы.
4. Қылмыстық құқық бұзушылық сатыларын саралауда әсері.

### **Тәжірибелік сабақ – 1 сабақ**

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабақтың сұрақтарына ауызша жауап дайындау..

Есептерді шешу:

**Есеп №1** Дүкенде тұрған Кирбасов сатушының басқа сатып алушылардан қолы босамай жатқанын пайдаланып, бөлім кедергісінен өтіп, шамамен 30 000 теңге жатқан кассаға қарай барып, Кирбасов кассадағы ақшаны алады, бірақ кассадан екі метр арақашықтықтағы сатушы Кирбасовты ұстап алған.

*Бұл жағдайда: ұрлыққа дайындалу ма немесе оқталу ма?*

*Кирбасовтың қылмыстық құқық бұзушылық қандай сатыда жасалған?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №2** Ж. Ю. Қарызов пен Е. Е. Ішкенбаев алкогольдік ішімдік ішу кезінде төбелесіп қалады. Қасындағылар оларды арашалайды. Е. Е. Ішкенбаев Ж. Ю. Қарызов костюмді жыртты, енді мұны ұмытпаймын ертең-ақ өлтіремін деп айқайлайды.

*Е. Е. Ішкенбаевтің іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар ма?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №3** Бірнеше рет сотталған Ө. Қ. Көлбаев пәтер ұрлығын жасау мақсатында құлып ашқыштар жиынтығын жасайды. Ол айықтырғышқа түскен кезінде, оның киімдерін тінту барысында құлып ашқыштар жиынтығы табылды.

*Ө. Қ. Көлбаевты қылмыстық құқық бұзушылыққа дайындалу деп жауапкершілікке тартуға болады ма?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Әдебиеттер: 1-2; 26-36; 40; 45; 67; 78; 81; 87-88.**

**ДООЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Семинар сабағын оқу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен мәні жөніндегі сұрақтарды талқылап өз ойы мен ұсынысын қалыптастыру. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу, оқталу және өз еркімен бас тарту бойынша қылмыстық-құқықтық бағасы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралауды үйрену.

**ДООЖ жүргізу нысаны:** қарастырылып отырған сұрақтардың мәселелерін талқылау.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:**



Семинар сабағының тақырыбына қатысты дайындалуда қажетті нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар оқулықтарды, монографияларды қолдану.

Заңдық әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудағы мәселелер жөніндегі өз ұсыныстарын білдіру.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау жөніндегі біліктілігін арттыру, осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыру.

**Әдебиеттер: 1-2; 26-36; 40; 45; 67; 78; 81; 87-88.**

**ДӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауда өзіндік дағдыларын қалыптастыру және шолу жасай отырып қылмыстық-құқықтық сипаттамасын жасау.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні.
2. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаудан өз ерімен бас тартқан кездегі қылмыстық-құқықтық бағасы.
4. Қылмыстық құқық бұзушылық сатыларын саралауда әсері.

**Реферат тақырыптары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні.
2. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаудан өз ерімен бас тартқан кездегі қылмыстық-құқықтық бағасы.
4. Қылмыстық құқық бұзушылық сатыларын саралауда әсері.

**Әдебиеттер: 1-2; 26-36; 40; 45; 67; 78; 81; 87-88.**

**Тақырып-2: Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігін саралау**

**Дәріс – 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуын саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 25.12.2006 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы бойынша саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 25.12.2006 ж., (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

3. Қылмыстың қайталануы бойынша саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» 25.12.2007 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар). (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

**Дәріс тезісі:**

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда қылмыстың көптілігі ең алдымен объектіге елеулі зиян келтіру есебінен олардың (қылмыстардың) қоғамға қауіптілік дәрежесін көтереді, екі немесе одан да көп ұрлық жасаудың меншікке зиян келтіру мүмкіндігі елеулі мөлшердегі бір ұрлық жасауға қарағанда әлдеқайда жоғары болады. Кейбір жағдайларда қылмыстық объектіге келтірген зияндары оның заңдық мазмұнын, яғни ауырлығын өзгертуге негіз болады. Мысалы, екі немесе одан да көп кісі өлтіру ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлігінің 1-тармағымен сараланады.

Адамның екі немесе одан да көп қылмыс жасауы оның қоғамға қауіптілік дәрежесін де көтере түседі. Ол қылмыс субъектісінің сана-сезімінде қоғамға жат тұрақты көзқарасының, әлеуметке жат психикалық мақсаты және қылмыс жасауды дағдыға айналдыру негізіндегі ойлау қабілеті мен ішкі қажеттілігі қалыптасуының болуын айғақтайды.

Адамның бір емес, бірнеше қылмыс жасауы әдетте, оның өзінің ғана емес, жасаған қылмысының қоғамға қауіпті екенін білдіреді. Сот-тергеу іс-тәжірибесіндегі материалдарын зерттеу кезінде бірнеше қылмыс жасаған адамның қоғамға жат пиғылдағы көзқарастарының едәуір тұрақты сипатқа ие болатынын байқауға болады. Мұндай жағдайда кінәлі адам қоғамдық қатынастардың түрлі тобына қол сұға отырып, дәл осындай жағдайдағы жасалған бір қылмысқа қарағанда көбірек зардаптар әкеледі. Қылмыстың көптілігінің қоғамдық қауіптілігі жоғары екендігін осы қылмыстарды саралайтын және сол үшін жаза тағайындауды қарастыратын ережелерден көруге болады. Мұндай жағдайда, әдетте жасаған бір қылмысқа қарағанд неғұрлым қатаң жаза қолданылады.

Қылмыстың көптілігі деп, ескіру мерзімі өтпеген не соттылығы жойылмаған және алынып тасталмаған, не заңға сәйкес қылмыстық ізге түсу тоқтатылған адамның екі немесе одан да көп қылмыс жасауы танылады<sup>1</sup>.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы іс-әрекеттің жасалу сипатына қарай қылмыстың көптілігінің мынадай үш түрін (нысанын) қарастырады:

1. Қылмыстың бірнеше мәрте қайталануы (ҚР ҚК 12-б.);
2. Қылмыстардың жиынтығы (ҚР ҚК 13-б.);
3. Қылмыстық қайталануы (ҚР ҚК 14-б.).

Қылмыстың көптілігі үшін мынадай белгілер тән:

1. Адам кемінде екі бір-біріне қатысы жоқ дербес қылмыстар жасаған болуы керек;
2. Іс-әрекеттердің әрқайсысы соттың үкімімен белгіленген болуы тиіс. Егер адам қылмыс жасаған болса, бірақ қылмыстық іс анықтау, алдын ала тергеу сатыларында немесе сотта қолданыстағы ҚР ҚК-де көрсетілген негіздер бойынша (мысалы, ҚР ҚК 65,66,67,68,69,70,71-баптары) тоқтатылған болса, онда ол бұрын жасалған деп саналады;
3. Қылмыс, қылмыстық жауаптылықтың ескіруі мерзімінен (ҚР ҚК 71-бабы «Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату»),

бұрын шығарылған үкімді орындаудың ескіру мерзімі жойылмаған болса (ҚР ҚК 77-бабы «Айыптау үкімінің ескеру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату»), және адамнан рақымшылық немесе кешірім жасау актілерімен бұрын жасаған әрекеті үшін соттылығы алынып тасталмаған болса (ҚР ҚК 78-бабы «Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату»), не ҚР ҚК 79-бабы «Соттылық көздеген негізде соттылығы алынбаған немесе жойылмаған болса жойылуға тиіс емес;

Әрбір қылмыс аяқталған немесе аяқталмаған болуы тиіс. Олардың әрқайсысында адам ҚР ҚК 28-бабында «Қылмысқа қатысу түрлері» көрсетілген рөлдердің кез келгенін орындауы керек;

Қылмыстардың әрқайсысы белгілі бір қылмыстық-құқықтық зардапқа әкеп соқтырады.

Қазақстан Республикасының Жоғары сотының 2006 жылғы 25-желтоқсандағы «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы мен жиынтығын саралау туралы» Нормативтік қаулысында «қылмыстардың бірнеше рет жасалуын жалғаспалы қылмыстардан ажырата білу қажет. Белгілі бір адамның бірыңғай пиғылмен және біріктірілген ортақ мақсатпен, материалдық құрамымен және келтірілген зардаптарының біркелкілігімен сипатталатын, қылмыс жасау тәсілі мен объектісі бойынша өзара ұқсас екі және одан да көп қылмыстық әрекеттерді жасауы қылмыстың бірнеше рет жасалуын құрамайды. Мұндай жағдайларда барлық жасалған әрекеттерді тұтастай жалғаспалы қылмыс ретінде танып, осы қылмысты жасағаны үшін жауаптылық көздейтін ҚК бір бабы немесе бабының бөлігі бойынша саралаған жөн.

Егер жалғаспалы қылмыс кезеңінде қылмыстық заңға осы әрекет үшін неғұрлым қатаң жауаптылықты белгілейтін өзгерістер енгізілсе және қылмыс көріністерінің ең болмағанда біреуі заңның жаңа редакциясы күшіне енген кезеңде жасалса, онда жалғаспалы қылмыстың барлық көріністері жаңа заң бойынша тұтастай бір қылмыс ретінде саралауға жатады.

Жалғаспалы қылмыс кезеңінде белгілі бір адам жалғаспалы қылмыс үшін жауаптылық көздейтін ҚК бабының диспозициясы қамтымайтын белгілері бар басқа қылмыс жасаған жағдайда (мысалы, балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару кезеңінде ұрлық жасау), оның әрекеттері жалғаспалы қылмыс үшін жауаптылық көздейтін тиісті баппен және басқа қылмыс үшін жауаптылық көздейтін ҚК бабымен қылмыстардың жиынтығы бойынша саралауға жатады.

**Әдебиеттер: 1-4; 16-17; 26-36;**

## **Семинарлық сабақ – 1 сағат**

### **Семинарлық (тәжірибелік) сабақтың сұрақтары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуын саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 25.12.2006 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы бойынша саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары

«Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 25.12.2006 ж., (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

3. Қылмыстың қайталануы бойынша саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» 25.12.2007 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар). (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

**Тәжірибелік сабақ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабақтың сұрақтарына ауызша жауап дайындау..

Есептерді шешу:

**Есеп №1** Бұрын сотталған Мафиозов мас күйінде азамат Османовтың «Ауди 100» автокөлігінің терезесін сындырып «JVC» атты авто ұнтаспасын жұлып алуға тырысқан. Оны көріп қалған Османов автокөлігіне жүгіріп келіп Мафиозовты ұстап қалуға тырысады. Алысу кезінде Мафиозов пышақ алып шығып, Османовты екі рет жарақаттады. Соның салдарынан соңғының денсаулығына ауыр зардап келтірілді.

*Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігінің түрлерін анықтаңыз?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №2** Бұрын алаяқтық үшін сотталған Канин, бұрын қорқытып алушылық пен тонаумен сотталған Бериковпен алдын ала сөз байласып, жазасын өтегеннен кейін Касилевке қарсы қарақшылық жасады.

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы сотының үкімімен екеуінің әрекеті аса ауыр қайталанушылық деп танылып, оларды ҚР ҚК 192-бабының 2- бөлімі бойынша әр біреуін ерекше режимдегі түзеу колониясына жазасын өтеуге жіберді.

*Қайталануды қылмыс көптілігінің бір түрі ретінде сипаттама беріңіз.*

*Сотпен тұлғаның аса ауыр қайталануы деп танудың негізгі тәртібін ҚР ҚК 14-бабына сәйкес жағдайды салыстырыңыз.*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №3** Бұрын Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданының сотымен ҚР ҚК 234-бабының 1-бөлігі бойынша ҚР ҚК 63-бабы қолданылып сотталған Зуев сынақ мерзімін өту кезінде экономикалық қылмыстық құқық бұзушылық жасаған.

Оны ұстау кезінде, ол қаржы полициясының қызметкерлеріне қарсылық көрсетіп әдепсіз сөздерді айтады. Сот Зуевтің әрекетін ҚР ҚК 234-бабының 2- бөлігі және ҚР ҚК 378-бабының 1-бөлігі бойынша саралаған.

*Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің түрін анықтаңыз?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Әдебиеттер: 1-4; 16-17; 26-36;**

**ДООЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Семинар сабағын оқу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен мәні жөніндегі сұрақтарды талқылап өз ойы мен ұсынысын қалыптастыру. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу, оқталу және өз еркімен бас тарту бойынша қылмыстық-құқықтық бағасы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралауды үйрену.

**ДӨЖ жүргізу нысаны:** қарастырылып отырған сұрақтардың мәселелерін талқылау.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:**

Семинар сабағының тақырыбына қатысты дайындалуда қажетті нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар оқулықтарды, монографияларды қолдану.

Заңдық әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудағы мәселелер жөніндегі өз ұсыныстарын білдіру.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау жөніндегі біліктілігін арттыру, осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыру.

**Әдебиеттер: 1-4; 16-17; 26-36;**

**ДӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауда өзіндік дағдыларын қалыптастыру және шолу жасай отырып қылмыстық-құқықтық сипаттамасын жасау. ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 25.12.2006 ж., (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуын саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 25.12.2006 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы бойынша саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 25.12.2006 ж., (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

3. Қылмыстың қайталануы бойынша саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» 25.12.2007 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар). (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

**Реферат тақырыптары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуын саралау мәселелері.

2. Қылмыстың қайталануы бойынша саралау мәселелері.

**Әдебиеттер: 1-4; 16-17; 26-36;**

## **Тақырып -3 Адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы және қылмыстық топ жасаған қылмыстарды саралау**

**Дәріс – 1 сағат**

### **Дәріс жоспары:**

1. Адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық. Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасыны Жоғарғы сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусымдағы «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатысып жасаған өзге де қылмыстар үшін жауаптылық көздейтін заңдарды қолдануы туралы».
2. Қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері.

### **Дәріс тезисі:**

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінің 27-бабына сәйкес қылмысқа қатысу - екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы.

Қатысудың заңнамалық анықтамасында оның объективті және субъективті белгілері қамтылған болуы керек.

Қатысудың бірінші объективті белгісі сандық, яғни екі немесе одан да көп адамның қатысуы. Жекелеп жасаған қылмыс ешқашанда қатысумен жасалды деп танылмайды. Қылмысқа қатысудың анықтамасында Көрсетілген екі немесе одан да көп деген сандық мазмұны қылмыс субъектісінің қасиетіне ие болуы тиіс, яғни олар іс жүзіне жауап беруге қабылетті есі дұрыс, жасаған қылмыс үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға болатын жасқа толуы керек.

Қылмысқа қатысудың екінші объективті белгісі ол тек бірлесіп қатысуды көрсетеді. Сондықтан, бір уақытта, бір орында екі немесе одан да көп адамның қылмыстық мақсат үшін күшін біріктірмей, әрқайсысы өз беттерімен құқыққа қайшы келетін қоғамға қауіпті жасаған әрекеті қылмысқа қатысу деп танылмайды.

Қатысудың үшінші объективті белгісі – бұл қатысушылар үшін бәріде бірдей, жалпы болып саналатын қылмыстың нәтижесі. Белгілі бір зиян келтіру түріндегі зардап екі немесе одан да көп адамдардың бірлесіп жасаған қылмыстық әрекеттінің нәтижесі болуы тиіс. Олардың (қатысушылардың) әрқайсысы бәріне бірдей жалпы нәтижеге жету үшін өз үлестерін қосады.

Қатысудың төртінші объективті белгісі қатысушылардың әрқайсының әрекеті мен қатысушылардың бәріне бірдей қылмыс нәтижесінің арасындағы қажетті тікелей себепті байланыс. Бұл белгі ұйымдастырушының, айдап салушының, көмектесушінің әрекеттері уақыт кеңістігінде орындаушының қылмыстық әрекетінің бұрын болатынын және заңды түрде бәріне бірдей жалпы нәтиженің болуына жетелейтін өздерінің арасындағы да, орындаушының әрекетімен өзара шарттастықта, өзара тәуелді байланыста былатынын көрсетеді.

Осыған байланысты, қылмысқа қатысудың объективті төрт белгілерін бөлек атап өтудің, не осы белгілерді олардың сандық және сапалық қасиеттері шеңберінде атап өтудің айырмашылығы жоқ. Оның үстіне мұндай бөлу шартты түрде және объективті және субъективті бөлу болып саналады. Өйткені

адамның кез келген қылығы, соның ішінде бірнеше адамның бірлескен қызметі объективтілік пен субъективтіліктің өзара бірлігін білдіреді ғой. Объективті белгілер қатысушылардың ниетінің мазмұны туралы мәселелерді шешу кезінде айқын көрінетін субъективті белгілермен тығыз байланысты. Қатысушылардың әрқайсысы мұндай нақты жағдайда орындаушы мен ісіне қатысушы басқа да адамдардың қызметі үшін қажетті жағдай туғызуымен көрінетін өзінің қоғамға қауіпті әрекетінің сипатын түсіне білуі керек, және қалаған бірлесіп жасайтын әрекетінің нәтижесінде келетін және келуі мүмкін зардаптарды болдырмау жолдарын болжай білуі тиіс. Мұнан басқа қатысушылардың әрқайсысы өзінің әрекеті орындаушының қылмыс жасауының қажетті шарттарының бір болып табылатынын және соған себепті байланыста болатынын жақсы біледі.

Қатысудың субъективті белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

- 1) барлық қатысушылар ниетінің бірлігі;
- 2) қатысудың қасақаны қылмыс кезінде ғана болу мүмкіндігі.

Қатысушылар ниетінің мазмұнына мыналар кіруі тиіс:

- 1) әрекетті өзі жалғыз емес, басқалармен бірігіп жасайтынын сезінуі;
- 2) өзінің және басқа қатысушылардың әрекетінің қоғамға қауіптілік сипатын сезінуі. Қатысушы орындаушы жасаған әрекетте қылмыс құрамының элементтерінің бар екендігін сезіне білуі тиіс;
- 3) жалпы қылмыстық нәтижеге жетуді қалауы.<sup>2</sup>

Қатысу анықтамасында заң шығарушы, бірнеше адамның біріккен күшімен тек қасақана әрекет жасау мүмкіндігіне басты назарды әдейі аудартады.

**Әдебиеттер: 1-4; 13, 26-36; 66;**

**Семинарлық сабақ – 1 сағат**

**Семинарлық (тәжірибелік) сабақтың сұрақтары:**

1. Адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық. Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасыны Жоғарғы сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусымдағы «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатысып жасаған өзге де қылмыстар үшін жауаптылық көздейтін заңдарды қолдануы туралы».
2. Қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері.

**Тәжірибелік сабақ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабақтың сұрақтарына ауызша жауап дайындау..

Есептерді шешу:

**Есеп №2** Ведомстводан тыс элеватор күзетінің жұмысшылары Кузменко мен Измайлов ауысымға түсер алдында элеватор жанында тұратын Филевскаямен бірнеше қап бидай әкеліп, оларды шатырға тығу керектігі туралы келіседі. Полиция қызметкерлері тапқан жағдайда Филевская бидайды станцияда Ақмола

облысынан келген маусымдық жұмысшылардан жүкке (багажға) алмаған бидайынан сатып алдым деп айтуы керек деген. Филевская келіседі. Кузьменко мен Измайлов қарауыл бастығының семинарға кеткенін пайдаланып, элеватор қоймасына он қап бидай ұрлап Филевскаяға әкеліп береді.

*Қатысу нысанын анықтаңдар, Филевская қатысушы болып табыла ма?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №2** Қайықтағы сатушылар Сафронова және Кулешова жыл бойы дүкен директорының бұйрығы бойынша сатуға алынған балықтың бір бөлігін директорға үнемі беріп отырған, ал ол оны өзіне алып отырған. Директордың бұл былығы Сафронова және Кулешоваға белгілі болған, бірақ олар жалақысы жақсы жұмысымыздан айырыламыз деп қорқып, оның бұйрығына бағынып отырған. Сатушылар кем өлшеу арқылы сатып алушыларды алдап балықтың жетіспеушілігін жауып отырған.

*Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың әрқайсысының рөлін анықтаңыздар.*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.*

**Есеп №3** Смирнов ұрылар — Коротко, Рылов және Гришинмен қылмыстық байланысқа түсіп, үнемі олардан ұрланған заттарын сатып алып, сонан соң оны базарда көтерме бағамен сатқан.

*Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу бар ма? Бұл жағдайда Смирнов жауапкершілікке тартылатындай қатысу бар ма?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Әдебиеттер: 1-4; 13, 26-36; 66;**

**ДООЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Семинар сабағын оқу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен мәні жөніндегі сұрақтарды талқылап өз ойы мен ұсынысын қалыптастыру. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу, оқталу және өз еркімен бас тарту бойынша қылмыстық-құқықтық бағасы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралауды үйрену.

**ДООЖ жүргізу нысаны:** қарастырылып отырған сұрақтардың мәселелерін талқылау.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:**

Семинар сабағының тақырыбына қатысты дайындалуда қажетті нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар оқулықтарды, монографияларды қолдану.

Заңдық әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудағы мәселелер жөніндегі өз ұсыныстарын білдіру.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау жөніндегі біліктілігін арттыру, осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыру.

**Әдебиеттер: 1-4; 13, 26-36; 66;**



**Тапсырма:** Қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауда өзіндік дағдыларын қалыптастыру және шолу жасай отырып қылмыстық-құқықтық сипаттамасын жасау. Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусымдағы «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатысып жасаған өзге де қылмыстар үшін жауаптылық көздейтін заңдарды қолдануы туралы».

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық. Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусымдағы «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатысып жасаған өзге де қылмыстар үшін жауаптылық көздейтін заңдарды қолдануы туралы».
2. Қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері.

**Реферат тақырыптары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтарға сыбайлас қатысу түрлері
2. Қылмыстық құқық бұзушылықтарға сыбайлас қатысушылардың жауаптылығы.
3. Қылмыстық топпен жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық

**Әдебиеттер: 1-4; 13, 26-36; 66;**

**Тақырып -4: Жаза түрлері. Жаза тағайындау. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату**

**Дәріс – 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Қылмыстық құқық бойынша жаза ұғымы мен әлеуметтік мәні. Қылмыстық жауаптылықпен жаза айырмашылығы.
2. Жаза мақсаты. Жазаның әкімшілік, тәртіптік және басқа да мәжбүрлеу шараларынан айырмашылығы.
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша жаза түрлері.
4. Жаза тағайындау. Қылмыстық құқық бойынша жаза тағайындаудың шарттары.
5. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.
6. Жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар.

**Дәріс тезісі:**

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 39-бабының 1-бөлігінде жаза ұғымы былайша анықталады: «Жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі

деп танылған адамға қолданылады және ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодекспен көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады».

Қылмыстық жаза мемлекеттің адаммен жасалған қылмысқа қарсы әрекетін білдіреді. Қылмыскер үшін жаза – бұл оның жасаған қылмыстық әрекетінің қылмыстық-құқықтық зардабы.

Сонымен, жазалар жүйесі деп, қылмыстық заңда белгіленген белгілі бір тәртіп бойынша орналастырылған жаза түрлерінің толық қамтылған тізімін (ауырлық дәрежесі бойынша жазаның онша ауыр емес түрінен неғұрлым ауырырақ түріне қара) тануға болады.

Заңда жаза түрлерін олардың мөлшерін (мерзімін) және қолдану тәртібімен бірге көрсету арқылы белгілеу сотталғандарға жаза тағайындау мен жазаны жекелеу кезінде қылмыстық құқықтың негізгі қағидаларын жүзеге асыруда маңызды орын алады. Жазалардың толық қамтылған тізімінің маңызы сонда, сот сотталушыға осы тізімде көрсетілмеген жаза түрін тағайындай алмайды.

Қазақстн Республикасы Қылмыстық Кодексінде көрсетілген жаза жүйелері, қазіргі заманғы қылмыстық құқықтың негізгі қағидаларын көрсетеді, ең біріеші кезекте заңдылық, әділеттілік және адамгершілік қағидаларын, сондай-ақ қазіргі кезеңдегі қылмыстылықпен күрестің негізгі ағымдары: ауыр және аса ауыр (әсіресе, күш көрсетумен жасалатын) қылмыстармен және кәнігі қылмыскерлермен күрестегі қылмыстық-құқықтық шараларды қатайтуды және қауіптілігі онша ауыр емес қылмыстарға қатысты бас бостандығынан айырумен байланысқан мәжбүрлеу шараларының аясын тарылтуды көрсетеді.

Қылмыстық заң өзінің қатандылығына, сотталушыға ықпал етуінің сипаты мен ерекшеліктеріне қарай жазаның әралуан түрлерін қарастырады. Жаза түрлерінің әрқилылығы соттың жасалған қылмыстың ауылығын, оны жасаған адамның қауіптілігін ескеруге және сотталушыға әділетті жаза тағайындауға, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, сондай-ақ сотталған және басқа да адамдардың түзелуі мен олардың жаңадан қылмыс жасауының алдын алуға мүмкіндік туғызады.

Қазіргі заманғы қоғамымыздың даму кезеңіндегі қылмыстық саясат ауыр қылмыс жасағандарға қатаң жаза қолдануды және қоғам үшін онша қауіпті емес қылмыс жасағандарға адамгершілік көзқараспен қарауды мақсат етеді.

Қылмыстың қоғамдық қауіптілік сипатын ескере білудің жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларын бағалауда және олардың кінәліні жазалау шараларына әсерін ескеру маңызды орын алады. Мәселен, қауіптілігі аздау қылмысқа жаза анықтау кезінде, кейбір жеңілдетуші мән-жайлар шешуші маңызға да ие болуы мүмкін. Керісінше, қауіптірек іс-әрекет жасалған жағдайда осы жеңілдетуші мән-жайлар тіптен назарға да алынбауы мүмкін. Мысалы, алааықтық, өзінше билік ету, салақтық және сол сияқты қауіптілігі аздау қылмыстарды бірінші рет жасаған жағдайда аталған мән-жайлар жазаны жеңілдетудің негізі болып табылады. Сол сияқты бандитизм, ауырлататын мән-жайлармен адам өлтіру сияқты ауыр қылмыстарды жасау кезіндегі сол мән-жайлар енді жазаны жеңілдетуші мән-жайлар ретінде қарастырыла алмайды.

Қоғамдық қауіптілік дәрежесі – бұл нақты бір қылмыстық әрекетті сипаттайтын белгі. Сипаты бойынша қоғамға қауіптілігі бірдей қылмыс, олардың қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай түрлі айырмашылықта болуы мүмкін.

**Әдебиеттер: 1-4; 18-23, 26-36; 46; 70-71; 74-75; 91.**

**Семинарлық сабақ – 1 сағат**

**Семинарлық (тәжірибелік) сабақтың сұрақтары:**

1. Қылмыстық құқық бойынша жаза ұғымы мен әлеуметтік мәні. Қылмыстық жауаптылықпен жаза айырмашылығы.
2. Жаза мақсаты. Жазаның әкімшілік, тәртіптік және басқа да мәжбүрлеу шараларынан айырмашылығы.
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша жаза түрлері.
4. Жаза тағайындау. Қылмыстық құқық бойынша жаза тағайындаудың шарттары.
5. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.
6. Жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар.

**Тәжірибелік сабақ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабақтың сұрақтарына ауызша жауап дайындау..

Есептерді шешу:

**Есеп №3** Байкенов ҚК 347-бабымен /55-бапты қолдана отырып/ бір жылға түзеу жұмысына сотталып, табысының 20 % мемлекеттің кірісіне ұстау белгіленген. Сонымен қатар негізгі жазаны өтеу мерзімінде көлік жүргізу құқығынан айыру – қосымша жаза ретінде қолданылған.

*Соттың шешімін талдаңыздар.*

*Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.*

**Есеп №3** Сот 16 жасар Тербиловты қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтірген – деп, алты жылға бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, тәрбиелеу колониясының күшейтілген режимінде өтеуге үкім шығарды.

*Сот үкімі заңды ма? Сот Тербилов 18 жасқа толғаннан кейін жазасын өтеуге түзеу колониясының жалпы режиміне ауыстыруын белгілей ала ма? Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.*

**Есеп №3** Бочкарев үш жылға бостандығынан айыру жазасына сотталып, түзеу колониясының қатаң режимінде өтілуі көрсетілген. Бочкарев бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған.

*Бочкаревтың түзеу колониясының қатаң режимінде өтеу мерзімін тағайындауды сот дұрыс шешті ме?*

*Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.*

**Есеп №3** Бұрын байқаусызда қаза келтіргені үшін сотты болған Ремизов С. деген жеткіншекті зорлайды. Бұл қылмысты жасау барысында ол жеткіншектің денсаулығына ауыр зиян келтіріп, оны өлтіремін деп қорқытқан. Тексеру

кезінде Ремизовтың бұрын басқа қалада ұрлық жасағаны анықталды. Ремизов ҚР ҚК 120-бабының 3-бөлігі бойынша 12 жылға және 191-баптың 1-бөлігі бойынша 3 жылға бостандығынан айрылды.

*Ремизовқа тағайындалған жазаның соңғы шешімін анықтаңыз.*

*Талқылауға нұсқалар құрастырыңыз.*

**Есеп №3** Малышев мас күйінде өзіне бейтаныс Рахимов отырған таксиге келіп, алдыңғы орынға жайғасады. Көлікте Рахимовтан өзге оның үш жолдасы отырды. Жүргізуші лық толы жолаушыларды тасымалдаудан бас тартқан кезде Малышев Рахимовтың ішіне пышақ сұғып алады да оны өлтіреді. Сот Малышевтың қылмыстық ісін қарап, оның еш жерде жұмыс істемейтінін және қоғамға жат қылықтарымен өмір сүретінін анықтады. Және де бұрын бұзақылық және қарақшылықпен екі рет сотталғандығы белгілі болды. Рахимовты өлтіргені үшін ол ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі бойынша өлім жазасына кесілді. Прокурордың наразылығымен сот тағайындаған жазасын 15 жыл бостандығынан айыруға ауыстырды.

*Осы жағдайды құқықтық тұрғыдан бағалаңыз. Сот шешімімен келісесіз бе?*

*Талқылауға нұсқалар құрастырыңыз.*

**Әдебиеттер: 1-4; 18-23, 26-36; 46; 70-71; 74-75; 91.**

**ДООЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Семинар сабағын оқу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен мәні жөніндегі сұрақтарды талқылап өз ойы мен ұсынысын қалыптастыру. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу, оқталу және өз еркімен бас тарту бойынша қылмыстық-құқықтық бағасы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралауды үйрену.

**ДООЖ жүргізу нысаны:** қарастырылып отырған сұрақтардың мәселелерін талқылау.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:**

Семинар сабағының тақырыбына қатысты дайындалуда қажетті нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар оқулықтарды, монографияларды қолдану.

Заңдық әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудағы мәселелер жөніндегі өз ұсыныстарын білдіру.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау жөніндегі біліктілігін арттыру, осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыру.

**Әдебиеттер: 1-4; 18-23, 26-36; 46; 70-71; 74-75; 91.**

**ДӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауда өзіндік дағдыларын қалыптастыру және шолу жасай отырып қылмыстық-құқықтық сипаттамасын жасау.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қылмыстық құқық бойынша жаза ұғымы мен әлеуметтік мәні. Қылмыстық жауаптылықпен жаза айырмашылығы.

1. Жаза мақсаты. Жазаның әкімшілік, тәртіптік және басқа да мәжбүрлеу шараларынан айырмашылығы.
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша жаза түрлері.
3. Жаза тағайындау. Қылмыстық құқық бойынша жаза тағайындаудың шарттары.
4. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.
5. Жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар.

#### **Реферат тақырыптары:**

1. Қылмыстық құқық бойынша жаза ұғымы мен әлеуметтік мәні. Қылмыстық жауаптылықпен жаза айырмашылығы.
2. Жаза мақсаты. Жазаның әкімшілік, тәртіптік және басқа да мәжбүрлеу шараларынан айырмашылығы.
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша жаза түрлері.
4. Жаза тағайындау. Қылмыстық құқық бойынша жаза тағайындаудың шарттары.
5. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.
6. Жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар.

**Әдебиеттер: 1-4; 18-23, 26-36; 46; 70-71; 74-75; 91.**

#### **Тақырып -5: Адам өлтіруді саралау мәселелері**

**Дәріс – 1 сағат**

##### **Дәріс жоспары:**

1. Адам өлтіруді саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).
2. ҚР ҚК 99-103-баптарында қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

##### **Дәріс тезісі:**

Адам өлтіру жеке адамға қарсы қылмыстардың ең ауыр түрінің бірі. ҚК 99-бабының бірінші бөлігіне сәйкес кісі өлтіру, яғни басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру. Адамның өмірі әр адамға туғаннан берілетін табиғаттың ерекше сый және әлеуметтік құндылығы.

Қарапайым адам өлтірудің құрамы (ҚР ҚК 99-бабының 1-бөлігі).

Қарапайым адам өлтірудің ұғымы — сараланбаған немесе күрделіленбеген адам өлтіру. Бұл адам өлтірудің негізгі түріне жатады. Қарапайым адам өлтірудің құрамын талдауда басқа да адам өлтірулерден айырмасы бар, сондықтан бұны «жалпы адам өлтіруді» талдау деп қарауға болады.

Адам өлтірудің *объектісі* — адамның өмірі, ол адамның азаматтығына, ұлтына және нәсіліне, шыққан тегіне және жасына, әлеуметтік жағдайына, немен айналысатынына, денсаулық ахуалына, біліміне, т. б. байланысты емес. Қылмыстық заң жәбірленушінің еркіне қарсы адам өлтіру де, оның келісімімен қаза келтіру де (эфтаназия) бірдей дәрежеде адам өлтіруге жатқызылады. Жәбірленушінің кім екенін білмей қалу қасақана адам өлтіргендігі үшін жауаптылыққа әсер етпейді.

Өмірге қастандық жасау объектісінің бар-жоғы туралы мәселені шешу үшін оның бастапқы және ақырғы кезеңдерін анықтау қажет.

Қылмыстық-құқықтық тұрғыдан алғанда, адамның туғаннан өлгенге дейінгі аралықта өмір бар деп саналады.

Қылмыстық заңда адамның өлген кезі деп биологиялық өлімді, яғни ми қабаты клеткаларының біржола ыдырауы нәтижесінде ми қызметінің толық тоқтауы кезін алады. Биологиялық өлімнен басқа «клиникалық өлім» деген түсінік бар, бұл жағдайда адамның жүрегі тоқтап қалады.

Адамға клиникалық өлім келтірсе, мұндай іс-әрекет адам өлтіруге оқталғандық болып саналады. Сонымен қатар, клиникалық өлім жағдайындағы адамға қастандық жасауды өлтіру деп санауға болады.

Қылмыстың объективтік жағы материалдық құрамды қылмыстар сияқты үш элементтің жиынтығынан тұрады: 1) басқа адамның өмірін қиюға бағытталған әрекет (әрекетсіздік); 2) жәбірленушіні өлтірудегі міндетті аяқталу қорытындысы; 3) кінәлі мен жәбірленушіге қаза келтірудегі әрекет (әрекетсіздіктің) арасындағы себепті байланыс.

Адамды өмірінен күш қолданып та, (жарақаттау, тұншықтыру, уландыру, т. б.) психикалық ықпал жасап та (қорқыту, үрейлендіру, жалған лақап тарату, т. б.) айыруға болады.

Қылмыстың субъективтік жағы кінәнің қасақана жасалуымен сипатталады. Айыпты өзінің басқа адамның өліміне алып келетін іс-әрекет жасап отырғанын, ондай зардаптың болу мүмкін екенін немесе қалайда болмай қоймайтынын біледі, соны тілейді — яғни тікелей ниет танытады, егер ол өлімнің болуына аналы түрде жол берсе не ондай зардаптың болуына немқұрайды қараса — жанама ниет танытады.

Адам өлтірудің *субъектісі* (ҚК 99-бабы) 14 жасқа толған, есі дұрыс жеке адам бола алады. Басқа да адам өміріне қарсы бағытталған қылмыстар үшін жауаптылық 16 жастан басталады.

ҚК 99-бабы 2-бөлімінде қарастырылған адам өлтіру аса қоғамдық қауіпті қылмыстарға жататындықтан оны жасағаны үшін аса қатаң шаралар қолдану қарастырылған. Сараланған адам өлтіруге ҚК 99-бабы 2-бөлімінде қарастырылған жағдайлардың (сараланған белгілер) кем дегенде бірі болғанда адам өлтіру деп аталады. Әрине адам өлтірудің барлық басқа да негізгі белгілері міндетті түрде болуы керек. Егер кінәлінің әрекеттерінде екі немесе бірнеше сараланған белгілер болса, олардың барлығы айып таққанда жәбірленушіне үкім шығарғанда көрсетілуі керек. Бірақ олар қылмыстың жиынтығын құрамайды, және жаза бірдей қолданылады. ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлімі 15 тармақтан тұрады.

Көп белгілер бұрынғы қылмыстық заңда болған. Кейбір сараланған белгілер нақтыланған және бірнеше жаңа түрлері енгізілді.

**Әдебиеттер: 1-3; 7; 26-36;48-49; 50-52; 61; 92; 95; 97.**

### **Семинарлық сабақ – 1 сағат**

#### **Семинарлық (тәжірибелік) сабақтың сұрақтары:**

1. Адам өлтіруді саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

2. ҚР ҚК 99-103-баптарында қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

### **Тәжірибелік – 1 сағат**

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабақтың сұрақтарына ауызша жауап дайындау..

Есептерді шешу:

**Есеп №1** Харченков Соболеваны ұнататын, бірақ Соболева оған немқұрайлы қарайтын. Соболеваның көңілін аулап, өзіне қарату үшін Харченков автокөлікпен өтіп бара жатып, оның жанына келіп Соболеваға қарай бағыттайды. Соболеваға Харченковтың ондай тәртібі ұнамағандықтан, ол учаскелік полиция инспекторына бірнеше мәрте шағымданады. Тағы да күндердің бірінде Харченков мас күйінде қалыптасқан «әдетіне» салып, автокөлікті жолай өтіп бара жатқан Соболеваға бағыттады. Алайда автокөлікті басқара алмауының салдарынан, оны соғып кетеді. Нәтижесінде Соболева ауыр дене жарақаттарын алып, бір аптадан кейін алынған жарақаттардан есін жимай ауруханада қайтыс болды.

*Харченковтың іс-әрекетіндегі қылмыстық құқық бұзушылық құрамына талдау жасаңыз.*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №2** Бірнеше рет сотталған Нұрымбетов дүкенді тонауға талпынғанда, полиция сержанты Манарбаев оны ұстайды, алайда ол сержантқа қарсылық көрсетіп, одан босанып шығып, зат базарына қарай қашады. Манарбаев қылмыскердің құтылып кетуіне жол бермеу мақсатында оқ ата бастайды. Манарбаевтың іс-әрекетінің нәтижесінде Нұрымбетов алынған жарақаттан ауруханада қаза табады.

*Полиция сержанты Манарбаевтың қаруды пайдаланғаны заңды ма?*

*Егер заңсыз болса, полиция сержанты Манарбаевтың іс-әрекетін саралаңыз.*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №3** Рыспеков пен Амантаев үйрек атуға лицензия алады. Қорыққа келіп, олар аңшылар үйінде тіркеледі. Елемесов оларды сол уақытта орманда аңшылықта Қайыржанов пен Хабубиллиннің де болатындығы жөнінде ес-

керткен. Аңшылық уақытында көрші қамыстан шуды естіген Рыспеков онда үйрек бар екен деп шу шыққан жаққа қарай атып жіберіп, сол атыстан ол қамыста болған Қайыржановты өлтіріп тастады.

*Рыспековтің іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?*

*ҚР ҚК бойынша адам өлтірудің түсінігін анықтап, адам өлтірудің түрлерін атаңыз.*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №4** 19 жастағы Камиланың анасы қызына масыл болып жүргендігі туралы бірнеше рет айтады. Күндердің бірінде бірге тамақ ішу уақытында ол қызын көп жейсің деп жазғырады. Камила үйге кір киіммен келген уақытында, анасы казіргі кездегі кір жуғыш ұнтақтар, киімдердің қаншалықты қымбат екендігі жөнінде есіне сала беріп, оны кір қожалақ деп балағаттайды. Анасы Камилаға уақытта жаңа киім әпермейтін, ол әрдайым көршілерінен қалған ескі-құсқы киімдерді тоздырып жүретін. Сонымен қатар, Камиланың анасы спирт ішімдіктерін жиі қабылдап, үйіне еркектерді алып келіп, спирт ішімдіктерін тұтынған. Камила анасының жазғыруы мен мінезіне шыдамай демидролдың бір қорабын ішіп, ауруханада есіне келмей қаза табады.

*Камиланың анасының іс-әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық болып есептеле ме?*

*Жоғарыда аталған мән-жайлар Камиланың анасын ҚР ҚК 105-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз бола ала ма?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №5** Хирург Бозов Исағұлованың соқыршегін алуға байланысты операциялық жасау уақытында сату мақсатымен оның сау бүйрегін алып тастайды. 3 жыл өткеннен кейін Исағұлова жүкті болады. Гинеколог-дәрігер Мұқанов болашақ ананы жалпы тексерістен өткізбеген және туу уақытында Исағұлованың екінші бүйрегі жұмыс істемей қалып, соның нәтижесінде ол қайтыс болды.

*Хирург Бозовтың іс-әрекетін саралаңыз және оның іс-әрекетін қамтитын қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін атаңыз.*

*Гинеколог-дәрігер Мұқановтың жауапкершілігі туралы сауалды шешіңіз.*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Әдебиеттер: 1-3; 7; 26-36;48-49; 50-52; 61; 92; 95; 97.**

**ДООЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Семинар сабағын оқу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен мәні жөніндегі сұрақтарды талқылап өз ойы мен ұсынысын қалыптастыру. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу, оқталу және өз еркімен бас тарту бойынша қылмыстық-құқықтық бағасы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралауды үйрену.

**ДООЖ жүргізу нысаны:** қарастырылып отырған сұрақтардың мәселелерін талқылау.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:**



Семинар сабағының тақырыбына қатысты дайындалуда қажетті нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар оқулықтарды, монографияларды қолдану.

Заңдық әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудағы мәселелер жөніндегі өз ұсыныстарын білдіру.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау жөніндегі біліктілігін арттыру, осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыру.

**Әдебиеттер: 1-3; 7; 26-36;48-49; 50-52; 61; 92; 95; 97.**

**ДӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауда өзіндік дағдыларын қалыптастыру және шолу жасай отырып қылмыстық-құқықтық сипаттамасын жасау. ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулысы «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007ж. (соңғы өзерт. мен толықт. 21.04.2011ж.)

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылыққа заңи тұрғыда шолу жасау ( 99-103б.б. ҚР ҚК).

**Реферат тақырыптары:**

1. Адам өлтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
2. Жаңа туған баланы анасының өлтіруі қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
3. Қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру.

**Әдебиеттер: 1-3; 7; 26-36;48-49; 50-52; 61; 92; 95; 97.**

**Тақырып -6: Зорлауды саралаудың мәселелері**

**Дәріс – 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Зорлауды саралаудың мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» 11.05.2007ж.

**Дәріс тезісі:**

Зорлаудың тікелей объектісі — әйел жынысты адамның жыныстық еркіндігі мен жыныстық дербестігі. Бұл — ер адаммен жыныстық қатынасқа бару мәселесін әйел өзі шешеді деген сөз. Қосымша объектісі әйелдің денсаулығы, ар-намысы, өмірі болып табылады.

Жыныстық қатынасқа әйелдің ықтияры (воли) болмағандығына, оның ондай әрекетке ешбір келісім бермеуі және жанталасып қарсыласуы дәлел болады. Зорлаудың жәбірленушісі тек әйел жынысты адам ғана болады. Зорлағандық үшін жәбірленушінің мінез-құлқы, жүріс-тұрысы рөл атқармайды,

жезөкшені, көңілдесін, әйелін зорлағандық үшін де жауаптылық қарастырылған. Қазақстанның қылмыстық заңы кез келген адамның жыныстық еркіндігін, оның оны қалай пайдаланып жүргендігіне қарамастан, қорғайды.

Зорлаудың объективтік жағы жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жәбірленушімен жыныстық қатынас жасауды көрсетеді.

Зорлаудың *объективтік жағы* үш әрекетпен жасалынады.

- күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқыту;
- жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып;
- жыныстық қатынас жасау.

Бұл ретте әйел мен ер адамның кәдімгідей бірігуін жыныстық қатынасқа бару деп түсіну қажет. Егер жыныстық қатынас әйелдің ықтиярынсыз, оған күш жұмсалып немесе оны не басқа адамдарды қорқытып, не оның дәрменсіз күшін пайдаланып жасалса, ол зорлау болып танылады. Алдап немесе өзіне деген сенімді теріс пайдаланып жыныстық қатынасқа барудың әйелдің келісімін алса, онда зорлағандық болмайды.

Зорлау кезінде күш қолдану дегеніміз — ұрып-соғып жәбірленушінің денесіне әр түрлі дәрежедегі жарақат түсіру. Бұл ретте оның тәнін ауыртады, бостандығын шектейді, байлап тастайды, қылқындырады, қысқасы, жәбірленушінің қарсылығын басу немесе қарсыласуына мүмкіндік бермеу үшін әр түрлі әрекеттер жасайды.

Зорлау жасау үшін күш қолданудың бір тәсіліне заң психикалық қысым жасауды да жатқызады. Жәбірленушінің қарсылығын басу үшін оны сөзбен қорқытады, оған қару көрсетеді, ұрмақшы болып ұмтылады, т. б. қимылдар жасайды, ондағы мақсат — күш жұмсаудан қайтпайтындығын көрсету.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 11 мамырдағы 2007 жылғы N 4 «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Нормативтік қаулысында 3 тармақшасында «күш қолдану деп жәбірленушінің қарсылығын басуға бағытталған, мысалы, ұрып-соғу, тыныс алу жолдарын қысып жабу, аяқ-қолдарын ұстап жібермеу, киімін жырту, және т.б. әрекеттер жасауды түсіну керек.

Зорлау, өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерін *жасау* немесе оларды *жасауға* оқталу кезінде жәбірленушілердің денсаулығына қасақана жеңіл немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіру әрекеттері Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 120 немесе ҚК 121-баптарының диспозициясымен қамтылады және қосымша саралауды талап етпейді.

Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген 20.05.2010 ж. «Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі нұсқауына» сәйкес алынған сараптамалық қорытынды негізінде анықталады.

Зорлау не өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерін жасау барысында немесе аталған қылмыстарды жасауға оқталу кезінде не болмаса

олар аяқталғаннан кейін жасалған қылмысты жасыру немесе көрсетілген қарсылық үшін кек алу мақсатында жәбірленушіге құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру ҚК 96-бабы екінші бөлігінің к) тармағы және ҚК 120 немесе ҚК 121-баптарының тиісті бөліктері бойынша саралануы керек».

**Әдебиеттер: 1-3; 8; 26-36; 50-51; 61; 80.**

**Семинарлық сабақ – 1 сағат**

**Семинарлық (тәжірибелік) сабақтың сұрақтары:**

1. Зорлауды саралаудың мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» 11.05.2007ж.
2. ҚР ҚК-нің 120-бабының 121-бабынан айырмашылығы.

**Тәжірибелік сабақ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабақтың сұрақтарына ауызша жауап дайындау..

Есептерді шешу:

**Есеп №1** «Еркінбеков, Бақытжанов пен Қайыржанов кәсіпкер Жанабаевтың жиырма жасар Әсел деген қызын бірігіп ұрлауға келіседі. Қыз баламен мейрамханада танысып, оны үйіне апарып тастауды ұсынды.

Әселді өлтіреміз деген көптеген қорқытулардан және тұтқыннан төлем жасап босату талаптарынан кейін Жанабаев өзінде ондай ақшаның жоқ екенін, ал оларды кез-келген жағдайда тауып алатынын айтты. Сонда Әселді өзінің үйінде ұстаған Еркінбеков оны ұстауға кеткен шығындарды жабу мақсатында қыз баланы үйдегі барлық кір жұмысты жасауға мәжбүрледі, содан кейін ол Әселді зорлады. Сонымен қоса, қыз баланы үнемі соққыға алып зорлады.

*Еркінбеков, Бақытжанов пен Қайыржановтың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №2** Жартаев өзінде трихомонада деген соз ауруының бар болғанын біле тұрып, Бұқаршинаны зорлайды. Жыныстық қатынасқа түсу нәтижесінде оған жұқтырады.

*Жартаевтың әрекетін сараланыз. Өзінде жұқпалы аурудың бар болғаны туралы білмеген жағдайда ол қылмыстық жауапкершілікке қалай тартылады?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №3** Васильев өзінде ЖҚТБ/ВИЧ-індетінің бар екенін біле тұра, өзінің көршісі — дәрігерлік қызметкер Жүрсеновадан өзіне тамырының ішіне глюкозаны уколмен салуын сұрайды. Жүрсенованың оң қолында ашық жара болғандықтан, ол емделу демалысында жатқан. Жүрсенова тамырдан инені

алып жатқанда, Васильевтің қаны оның жарасына тамып кетеді, соның нәтижесінде Жүрсенова ЖҚТБ/ВИЧ-індетін жұқтырып алды.

*Васильевтің іс-әрекеттерінде қандай да бір қылмыстың құрамы бар ма?*

*Васильевтің әрекетінің субъективтік жағына саралаңыз.*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №4** Назаров мас күйінде болып, өзінің қарт көршісі Цойға келіп, одан араққа ақша сұрайды. Цой ақша бермегеннен кейін, ол оны ұрып соғып, зейнеткердің алдыңғы екі тісін зақымдап жоғалтуға әкеп соқтырды және Цойды зорлады.

*Назаровтың әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Әдебиеттер: 1-3; 8; 26-36; 50-51; 61; 80.**

**ДООЖ– 3 сағат**

**Тапсырма:** Семинар сабағын оқу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен мәні жөніндегі сұрақтарды талқылап өз ойы мен ұсынысын қалыптастыру. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу, оқталу және өз еркімен бас тарту бойынша қылмыстық-құқықтық бағасы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралауды үйрену.

**ДООЖ жүргізу нысаны:** қарастырылып отырған сұрақтардың мәселелерін талқылау.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:**

Семинар сабағының тақырыбына қатысты дайындалуда қажетті нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар оқулықтарды, монографияларды қолдану.

Заңдық әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудағы мәселелер жөніндегі өз ұсыныстарын білдіру.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау жөніндегі біліктілігін арттыру, осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыру.

**Әдебиеттер: 1-3; 8; 26-36; 50-51; 61; 80.**

**ДӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауда өзіндік дағдыларын қалыптастыру және шолу жасай отырып қылмыстық-құқықтық сипаттамасын жасау. ҚР ЖСНҚ «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы»

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. . Қылмыстық құқық бұзушылыққа заңи тұрғыда шолу жасау ( 120-121 б.б. ҚР ҚК).

**Реферат тақырыптары:**

1. Зорлаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
2. ҚР ҚК 121б. қылмыстық-құқықтық сипаттамасы

Әдебиеттер: 1-3; 8; 26-36; 50-51; 61; 80.

## Тақырып -7: Пайдакүнемдік және күштеп-пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері

Дәріс – 1 сағат

### Дәріс жоспары:

1. Жымқыру ұғымы мен белгілері.
2. Ұрлықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы. Ұрлықты саралаудың мәселелері.
3. Тонаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы. Тонауды саралаудың мәселелері.
4. Қарақшылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы. Қарақшылықты саралаудың мәселелері. Қарақшылықтың тонаудан және бандитизмнен айырмашылығы.
5. Қорқытып алушылықты саралаудың мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 11.07.2003ж., «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 23.06.2006 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

### Дәріс тезісі:

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағынан материалды құрамға жатады. Одан туындайтыны, олардың объективтік жағы міндетті үш белгілерден тұрады: әрекет, нәтижесі және олардың арасындағы себепті байланыс. Атап өту керек, қылмыстық зардаптар /нәтижелері/ барлық уақытта материалдық сипатта болып және де мүлдіктің залал келтіруімен ерекшеленеді. Тек қарақшылық (ҚК 192-бабы) және қорқытып алушылық (ҚК 194-бабы) құрылымы бойынша формальдық қылмыстар болады, оларда материалдық қылмыстардан айырмашылығы міндетті белгі ретінде тек қылмыстық әрекет саналады, өйткені осы екі қылмыстардың залалдары қылмыс құрамы шегінен тысқары жатады.

Меншікке қарсы кейбір қылмыстардың объективтік жағының міндетті элементі болып қылмыс жасау тәсілі саналады (күш қолдану немесе күш қолдану арқылы емес, құпия немесе ашық түрде жасау тәсілдері).

Меншікке қарсы қылмыстардың субъектісі есі дұрыс, заңда көрсетілген жасқа толған адам. Сеніп тапсырылған бөтен мүлдікті иеленіп алу немесе ысырап ету сияқты (ҚК 189-бабы) қылмыста қылмыс құрамының міндетті элементі арнайы субъект болып табылады. Кейбір қылмыстарда арнайы субъект қылмыс құрамының ауырлатушы белгісі ретінде танылуы ықтимал, мысалы, өзінің қызметтік лауазымын пайдалану арқылы жасалған алаяқтық (ҚК 190-бабының 2-бөлігі); алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүлдіктің залал келтіру (ҚК 195-бабы, 2-бөлімі); жерге заттай құқықтарды бұзу (ҚК 201-бабы, 3-бөлімі).

Жасына қарай қылмыстық жауаптылыққа тарту көзқарасына байланысты осы тараудағы барлық қылмыстарды екі топқа бөлуге болады. 16-жасынан

бастап жауаптылық мына қылмыстар үшін басталады: Ұрлық (ҚК 188-бабының 1 бөлігі), Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету (ҚК 189-бабы), Алаяқтық (ҚК 190-бабы), Тонау (ҚК 191-бабының 1 бөлігі), Ерекше құнды заттарды талан-таражға салу (ҚК 193-бабы), Қорқытып алушылық (ҚК 194-бабының 1 бөлігі), Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру, Көрінеу қылмыстық жолмен мүлікті алу немесе өткізу, Интеллектуалдық меншік құқықтарын бұзу, Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын талан-таражға салу мақсатынсыз заңсыз иелену, жерге заттай құқықтарды бұзу, Бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру ауырлатушы жағдайларсыз және бөтен адамның мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру (ҚК 204-бабы).

Ал 14-жастан бастап жауаптылық мына қылмыстар үшін басталады: ұрлық (ҚК 188-бабы, 2,3 бөліктері), тонау (ҚК 191-бабы, 2,3 бөліктері), қарақшылық (ҚК 192-бабы), қорқытып алушылық (ҚК 194-бабы, 2,3 бөліктері), автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын талан-таражға салу мақсатынсыз заңсыз иелену (ауырлатушы жағдайлармен – ҚК 200-бабы, 2,3,4-тармақтары), бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру ауырлатушы жағдайлармен (ҚК 202-бабы, 2,3-тармақтары).

Субъективтік жағынан меншікке қарсы қылмыстар тікелей, тура ниетпен жасалады. Кінәлі мүлікті заңсыз алатынын, өзінің әрекеттерімен меншік иесіне залал келтіретінін алдын ала біледі және оны тілейді. Тек бір ғана қылмыс – ҚК 204-бабы – Бөтен мүлікті абайсызда жою немесе бүлдіру – кінәнің абайсыздық нысанымен жасалады.

Талан-таражға салудың міндетті белгілерінің бірі – заңға сәйкес пайдакүнемдік мақсатта айыптының бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге де иеленушісіне залал келтіре отырып, өзінің немесе басқа да адамдардың пайдасына заңсыз, қайтарымызсыз, тегін алып қоюын немесе айналдыруын айтамыз.

Меншікке қарсы жасалған қылмыстардың негізгі тобын, осылайша, мүлікті иеленіп алу, яғни, талан-таражға салумен байланысты пайдакүнемдік қол сұғушылық құрайды. ҚР Қылмыстық заңдылығы талан-таражға түсіру қылмыстарын жасалу тәсіліне байланысты оған деген жауаптылықты жіктейді, бұл ретте ҚК-тің сәйкес баптарында бөтен мүлікті иеленудің мына түрлері заңды түрде орын алғандығын атап өту қажет: ұрлық, иеленіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау және қарақшылық қылмыстары.

**Әдебиеттер: 1-3; 11-13; 26-37; 44; 53; 62; 76; 78; 93.**

**Семинарлық сабақ – 1 сағат**

**Семинарлық (тәжірибелік) сабақтың сұрақтары:**

1. Жымқыру ұғымы мен белгілері.

2. Ұрлықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы. Ұрлықты саралаудың мәселелері.
3. Тонаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы. Тонауды саралаудың мәселелері.
4. Қарақшылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы. Қарақшылықты саралаудың мәселелері. Қарақшылықтың тонаудан және бандитизмнен айырмашылығы.
5. Қорқытып алушылықты саралаудың мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 11.07.2003ж., «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 23.06.2006 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

### Тәжірибелік сабақ – 1 сағат

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабақтың сұрақтарына ауызша жауап дайындау..

Есептерді шешу:

**Есеп №1** Бодров өзінің көршісі Коротконың бақшасында жұмыс істеп жүргенін пайдаланып, оның үйіне еш кедергісіз кіріп кетеді де, оның ішінен үй иесіне тиесілі теледидарды алып шығады.

*Бодров қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады?*

*Қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекет тұрғын үйге заңсыз кірумен жасалған деп есептеуге бола ма?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №2** Новиков түнгі уақытта алкогольды мас күйінде автокөлікті басқаруды қаламай, оны жолдың жиегіне апарып қойып, салонда ұйықтап қалады. Түнде көзін ашып қалса, өзінің салонында екі ер адамның автомагнитола мен оның кеудешесінің қалтасынан ақшасы бар әмиянын алып жатқанын байқайды. Оны өлтіріп кетуі мүмкін деп қорыққан Новиков ұйықтап жатқандай болды. Таңертеңгілік ол барлық болған жай туралы полицияға хабарлап, қылмыскерлер ұсталды. Соңғылар олардың іс-әрекеттерін жәбірленуші көргенін білгенде қатты таң қалды, себебі олар оны ұйықтап жатқан деп есептеген.

*Берілген тонау ашық әлде жасырын болып табыла ма?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №3** Кешкілік Маков және Орлов азаматша Шилованы тоқтатып, оған бұзақылық ниетпен тиісе бастайды. Сол кезде Маков әйелді қолынан ұстап, соның нәтижесінде әйелдің қолындағы сағаты жерге түсіп қалады, оны әйел байқамады. Мұны көрген Орлов сағатты көтеріп, оны иеленіп алады. Жәбірленуші кетіп қалған уақытта ол бұл туралы өзінің жолдасына айтты.

*Маков пен Орловтың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №4** Федоров қаланың көлік базарында автокөлік иеленгісі келетіндермен танысып, тапсырыс бойынша Ресейден автокөлік айдап әкелетінін айтып жүрді. Осылайша, 2004 жылдың сәуірінде ол азамат Тошиннан автокөлік үшін алдын

ала төлем ретінде 1 500 ш.б. мөлшерінде ақшаның бір бөлігін алды. Кейіннен ол азамат Пироговтан 1 200 ш.б. мөлшерінде ақша алды, алайда тапсырыс жасау оның ойында да болмаған, ақшаны қайтармай, оны өз игілігіне жұмсаған.

*Федоровтың іс-әрекеттерінде алаяқтық құрамы бар ма? Алаяқтық кезінде мүлікті заңсыз иеленудің тәсілі қандай?*

*Бұл қылмыстық құқық бұзушылық қай уақытта аяқталған болып есептеледі?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Есеп №5** Ешенов «Макаров» тапаншасының нобайын алып, дүкенге келіп, онымен сатушыны қорқытып, ақшалай түсімді талап еткен. Сатушы макетті нағыз қару деп есептеп, Ешеновқа 24560 теңге мөлшеріндегі ақшалай түсімді берген.

*Ешеновтың іс-әрекеттерін қалай саралау қажет?*

*Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

**Әдебиеттер: 1-3; 11-13; 26-37; 44; 53; 62; 76; 78; 93.**

**ДООЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Семинар сабағын оқу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен мәні жөніндегі сұрақтарды талқылап өз ойы мен ұсынысын қалыптастыру. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу, оқталу және өз еркімен бас тарту бойынша қылмыстық-құқықтық бағасы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралауды үйрену.

**ДООЖ жүргізу нысаны:** қарастырылып отырған сұрақтардың мәселелерін талқылау.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:**

Семинар сабағының тақырыбына қатысты дайындалуда қажетті нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар оқулықтарды, монографияларды қолдану.

Заңдық әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудағы мәселелер жөніндегі өз ұсыныстарын білдіру.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау жөніндегі біліктілігін арттыру, осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыру.

**Әдебиеттер: 1-3; 11-13; 26-37; 44; 53; 62; 76; 78; 93.**

**ДӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауда өзіндік дағдыларын қалыптастыру және шолу жасай отырып қылмыстық-құқықтық сипаттамасын жасау. ҚР ЖСНҚ «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы»

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы (ҚР ҚК 188-204б.б.)

**Реферат тақырыптары:**

1. Ұрлықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
2. Тонаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы
3. Қарақшылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы



**Әдебиеттер: 1-3; 11-13; 26-37; 44; 53; 62; 76; 78; 93.**

**Тақырып -8: Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері**

**Дәріс – 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

6. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
2. Терроризм актісінің қылмыстық құқықтық сипаттамасы (255-б)
3. Бандитизмнің қылмыстық құқықтық сипаттамасы (268-б)
4. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасмалдау және алып жүрудің қылмыстық құқықтық сипаттамасы (ст. 287-б);
5. Бұзақылықтың тағылықтан айырмашылығы (293-294-б)
6. Аталған сұрақтың шешімі ҚР заңы «Терроризмге қарсы іс-әрекет туралы» 13.07.1999 ж., ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» 21.06.2001ж., «Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылығыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы» 21.07.1995 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

**Дәріс тезисі:**

Террористік актілер жасау нақты бір мемлекеттің ішкі жағдайына ғана емес, жалпы халықаралық қауымдастыққа нұқсан келтіреді. Террористік актілер кез келген жолдармен жасалуы мүмкін, солай бола тұра ол қашанда мемлекеттік билікке нұқсан келтіруге халықтың бойына сенімсіздік пен үрей туғызға бағытталған.

Терроризмнің қоғамдық қауіптілігінің жоғары дәрежесі оны жасаушы субъектінің айналасындағылардың бойында үрей, дүрлігіс тудыруға ұмтылыс арқылы азаматтардың әлеуметтік пайдалы қызметтің құтын қашырып, билік пен басқару органдарының ойдағыдай қызмет жасауына қол сұғатын және сонысымен өзінің қоғамға қарсы мақсатына жететін қылмыстық қол сұғушылықтың қауіпті жолдары екендігімен көрінеді.

Терроризмнің объектісі қоғамдық қауіптілік болып табылады. Қосымша объектісі азаматтардың өмірі мен денсаулығы, меншік, басқарудың іс жүзіндегі тәртібі және басқалар болуы мүмкін.

Терроризмнің объективтік жағы күрделі сипатқа ие болады және адам өліміне тудыратын, елеулі мүліктік зиян келтіретін немесе өзге де қоғамдық қауіпті зардаптар әкелетін, сондай-ақ осы әрекеттерді жасаумен қорқыту мақсатындағы жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де әрекеттер жасаумен көрінеді.

Жарылыс жасау деп тротил немесе өзге де зарядтарды қолдану жолымен, басқаша айтқанда жарылыс толқынының талқандаушы қуатты пайдаланумен қандайда бір объектілерді жарамсыз ету немесе адамдарды қырып-жою танылады.

Өрт қою деп кінәлі адамның оттың бүлдіргіш күшін заңсыз пайдалану әрекетін тануға болады.

Жарылыс жасау және өрт қоюмен бірге ҚР ҚК 255-бабы өзге де әрекеттерін қарастырады. Терроризмдегі өзге де әрекеттер деп ғимараттарды, құрылыстарды бұзу, апаттар мен соқтығыстар ұйымдастыру, жерді, суды, ауаны, тамақ өнімдерін уландыруды тануға болады.

Терроризмінің міндетті шарты адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер болып табылады. Кем дегенде бір адамға қауіп төндіру адамадаржың қаза болуы қаупін төндіруді көрсетеді.

Терроризмдегі қоғамға қауіпті өзге де зардаптар деп адамдардың қаза болуы мен елеулі мүліктік зиян келтіруден басқа белгілердің бәрі танылады. Атап айтқанда, оларға мемлекеттік билік пен басқару органдарының қызметін бұзу, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар қызметін, көлік қозғалысын тоқтату жатады.

Терроризмнің аяқталған құрамы болып ҚР ҚК 255-бабының 1-бөлігіндегі диспозицияда қарастырылған әрекетті жасауы танылады. Бұл жерде зардаптың болуы міндетті емес, деп адамдардың қаза болуы мен елеулі мүліктік зиян келтіру немесе қоғамға қауіпті өзге де зияндар болса жеткілікті.

Терроризм үшін қылмыстық жауаптылық сондай-ақ осы әрекеттерді жасау жөніндегі қорқытуды да қарастырады. Бұл жерде қорқыту нақты және шын болуы керек.

Субъективтік жағы кінәнің тура ниеті түріндегі қасақаналықпен сипатталады. Адам өзінің жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау, егер осы іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру мақсатында жасағанын, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді сол мақсатта жасаймын деп қорқытқанын ұғынады.

Субъективтік жағынан терроризмнің негізгі белгілері оны жасаудың негізгі мақсаты – қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешім қабылдауына ықпал ету болып табылады. Терроризмнің объективтік жағының белгілеріне жататын, бірақ адаммен басқа мақсатпен жасалған әрекет басқа қылмыс ретінде сараланады, мысалы «Жаппай тәртіпсіздік» ҚР ҚК 241-бабы.

Терроризмнің субъектісі 14 жасқа толған, есі дұрыс жеке адам болып табылады.

Бұзақылық басқа неғұрлым қауіптірек іс-әрекетке ұштасатын қылмыстың кең тараған түрлерінің бірі болып табылады.

Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі бұзақылық әрекет қоғамның тыныштығын сақтауға бағытталған қоғамдық тәртіпке, қоғамдағы өзара құрметке, іс жүзінде адамға және мүлікке елеулі зиян келтіруден тұрады.

Бұзақылықтың объектісі қоғамдық тәртіп, яғни адамдар арасындағы нормативтік актілермен, әдет-ғұрыптармен, дәстүрлермен және мораль нормаларымен анықталған өзара қарым-қатынастың қоғамдағы қалыптасқан жүйесі, тәртіп пен бірлесе өмір сүрудің ережелері болып табылады. Бұзақылықтың қосымша объектісі адамдардың денсаулығы, сондай-ақ меншігі болып табылады.

Бұзақылықтың объективтік жағы қоғамды анық құрметтемеуін білдіретін азаматтарға қарсы күш қолданумен не оны қолданамын деп қорқытумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не ерекше арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз іс-әрекет жасаумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылықпен сипатталады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотыны Пленумының 1995 жылғы 21-шілдедегі «Бұзақылық туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» қаулысының түсіндірмесіне сәйкес, бұзақылық жасау кезіндегі қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылық деп, мысалы адамды келеке етіп жәбірлеумен, қоғамдық тәртіпті ұзақ және үздіксіз тоқтамайтын бұзушылықпен, мүліктерді құрумен және бүлдірумен, бұқаралық шараларды бұзумен, кәсіпорындардың, мекемелердің қалыпты қызметін немесе қоғамдық көлік қозғалысын уақытша тоқтатумен және өзге де әрекеттерімен ұштасатын, қоғамды анық құрметтемеуімен көрінетін қоғамдық тәртіпті қылмыстық бұзу танылады.

Қоғамды анық құрметтемеу деп, қылмыскердың ерекше арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз іс-әрекет жасаумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылығын тануға болады.

**Әдебиеттер: 1-4; 10; 14; 26-36; 38-39; 51; 60; 65.**

**Семинарлық – 1 сағат**

**Семинарлық (тәжірибелік) сабақтың сұрақтары:**

1. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
2. Терроризм актісінің қылмыстық құқықтық сипаттамасы (255-б)
3. Бандитизмнің қылмыстық құқықтық сипаттамасы (268-б)
4. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасмалдау және алып жүрудің қылмыстық құқықтық сипаттамасы (ст. 287-б);
5. Бұзақылықтың тағылықтан айырмашылығы (293-294-б)
6. Аталған сұрақтың шешімі ҚР заңы «Терроризмге қарсы іс-әрекет туралы» 13.07.1999 ж., ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» 21.06.2001ж., «Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылығыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы» 21.07.1995 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабақтың сұрақтарына ауызша жауап дайындау..

Есептерді шешу:

**Есеп №1** Титовтың басшылығындағы террористік ұйым саяси талап қоя отырып, (15 адам) кепіл адамдарды тұтқынға алды. Кепілге адам ұстағандардың тобын Дотов басқарды. Жутов қатардағы орындаушы ретінде болды. Олардың барлығы атыс қаруымен қаруланған. Кепілдегі адамдар отырған ғимаратқа оларды құтқару үшін атойлап шабуыл жасау туралы шешім қабылданды. Атойлап шабуыл жасау барысында құқық қорғау қызметкерлері қаруынан кепілде болған екі адам қазаға ұшырады. Кепілде болған адамдардың қалғаны құтқарылды. Террористер қару қолдану мүмкіндігі бар болса да, қару қолданып үлгермеді. Титов, Жутов және Дотов тірідей қол түсті.

*Титов, Жутов және Дотовтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

**Есеп №2** Хасенов мас күйінде көшеде бейтаныс әйелдің өзімен бірге қыдыруын талап етіп, тиісе бастайды. Әйел одан бас тартады, сол кезде ол әйелге дөрекі сөздер айтады. Сол маңайда жүрген полиция қызметкері оған өзімен бірге бөлімшеге жүруін талап етеді, сол кезде Хасенов оның бетінен жұдырықпен ұрып және аяғынан шалып құлатады. Жетіп үлгерген басқа полиция қызметкерлері Хасеновты ұстады.

*Хасеновтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

**Есеп №3** Мас күйінде зейнеткер Заболотов Энск қ. ПБ кезекші бөліміне қоңырау соғып, егер Үкімет екі сағаттың ішінде зейнетақыны екі есе арттыру жөнінде жария хабар таратпайтын болса, 97 гимназияны жарып жіберетінін, ол жерде жарылғыш зат қойылғандығын хабарлайды. Алайда, Заболотовта айтылған қауіп-қатерін орындауға ешқандай мүмкіндігі, ешқандай пиғылы болмаған.

*Заболотовтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

**Есеп №4** «Аврам» автотұрағында күзетші болып жұмыс істейтін Уваров мас күйінде жол бойында орналасқан жарық беру аспаптарына қарай тапаншадан оқ атқан.

*Уваровтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

**Есеп №5** Мамонтов шағын калибрлі тапанша бөлшектерін ұрлап, жетіспейтін бөлшектерін қолдан жасап, атуға жарамды қаруды көршісіне сатып жібереді.

*Мамонтовтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

**Әдебиеттер: 1-4; 10; 14; 26-36; 38-39; 51; 60; 65.**

**ДООЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Семинар сабағын оқу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен мәні жөніндегі сұрақтарды талқылап өз ойы мен ұсынысын қалыптастыру. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу, оқталу және өз еркімен бас тарту бойынша қылмыстық-құқықтық бағасы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралауды үйрену.

**ДООЖ жүргізу нысаны:** қарастырылып отырған сұрақтардың мәселелерін талқылау.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:**

Семинар сабағының тақырыбына қатысты дайындалуда қажетті нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар оқулықтарды, монографияларды қолдану.

Заңдық әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудағы мәселелер жөніндегі өз ұсыныстарын білдіру.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау жөніндегі біліктілігін арттыру, осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыру.

**Әдебиеттер: 1-4; 10; 14; 26-36; 38-39; 51; 60; 65.**

**ДӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауда өзіндік дағдыларын қалыптастыру және шолу жасай отырып қылмыстық-құқықтық сипаттамасын жасау. ҚР заңы «Терроризмге қарсы іс-әрекет туралы» 13.07.1999 ж., ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» 21.06.2001ж., «Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылығыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы» 21.07.1995 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қоғамдық қауіпсіздікке және тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы (ҚР ҚК 255-295б.б.)

**Реферат тақырыптары:**

1. Терроризм актісінің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

2. Бандитизмнің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы

3. Адамды кепілге алудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы

**Әдебиеттер: 1-4; 10; 14; 26-36; 38-39; 51; 60; 65.**

## **Тақырып -9: Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар саралау мәселелері**

**Дәріс – 1 сағат**

### **Дәріс жоспары:**

1. Халық денсаулығы мен адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2. Есірткі құралдарын заңсыз айналдырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар

а) есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу (ҚР ҚК 296-б.)

б) есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу (ҚР ҚК 297-б.)

3. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алу (ҚР ҚК 298-б.) Аталған сұрақтың шешімі ҚР заңы «есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» 10.07.1998 ж., ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Есірткі, психотроптық және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы» 14.05.1998 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

### **Дәріс тезісі:**

ҚР ҚК 11-тарауында орналасқан «Халық денсаулығы мен адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісінің белгісі бойынша екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа өз кезегінде екі шағын топтарға бөлуге болатын халық денсаулығына қарсы қылмыстар енеді.

а) есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды заңсыз айналдырумен байланысты қылмыстар (ҚР ҚК 296-б.)

б) халық денсаулығына қарсы басқа да қылмыстар.

Бұл әрекеттердің қоғамдық қауіптілігі оларды, зиян келтірумен немесе көптеген адамдардың денсаулығына және қоғамның өнегелі бастауларына зиян келтіру қаупін төндірумен сипатталады.

ҚР ҚК қарастырылған қылмыстардың тектік объектісі қалыпты дене бітімінің және психикалық саулығын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар жиынтығы деп түсінуге болатын, халықтың денсаулығы болып табылады. Бұл позицияға қылмыстық құқық ғылымында жаппай қабылданған, алайда кейбір заңгер-ғалымдар бұл мәселе бойынша қызықтылау болатын өз көзқарастарын танытады.

Мәселен, қылмыстың бұл топтарын талдай отырып, Н.С. Хруппа «бұл жағдайда тектік объекті халық денсаулығы емес, халықтың санитарлы-гигиеналық амандығы және санитарлы-эпидемияға қарсы себебі бойынша қоғамда (мемлекетте) заңды қарастырылған қызмет түрі – емдеу, ауруларға медициналық жәрдем көрсету және т.б., соның ішінде есірткі күшті әсер етуші

және улы заттарды қолдану аясында да денсаулық сақтау қатынасы болады» деген қорытындыға келеді. Осыған байланысты Н.С. Хруппа бұл қылмыстарды «Денсаулық сақтауға қарсы қылмыстар» деп атап, оны ерекше бөлімнің жеке тарауында топтастыруды ұсынады<sup>3</sup>. Мұнымен келісу қиын, өйткені денсаулық сақтау қатынасы тек денсаулықтың себебі бойынша жинақталады «денсаулық сақтау қатынасы» термині мейлінше медициналық болып табылады, сонда ҚР ҚК бойынша халық денсаулығына қарсы қылмыстар жекелеген адамдардың денсаулығына сияқты, ұлттың генофонына да қауіп төндіреді.

Сол себепті, денсаулық сақтау қатынастары – халық денсаулығына қарағанда, мейлінше тар ұғым.

Су қоймаларының, атмосфералық ауаның, теңіздің адам денсаулығына немесе тірі ресурстарына зиянды заттармен, не болмаса басқа қалдықтармен, материалдармен ластанғаны үшін және халық денсаулығына қарсы қылмыстарға жауапкершілікті қарастыратын қылмыстарды енгізіп, «Табиғатқа қарсы қылмыстар» деген дербес тарауды бөлуді ұсынған В.Я.Тацкий пікірімен де келісуге болмайды<sup>4</sup>.

Ғылыми әдебиеттерде түрлі көзқарастар тек осы қылмыстардың объектісін анықтауға қатысты ғана емес, халық денсаулығы ұғымын анықтау себептері бойынша да орын алған. Мәселен, бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы халық денсаулығын «Тек аурулардың немесе дене кемістігінің болмауында емес, толық дене бітімінің, жанының және әлеуметтік сау күйі» ретінде анықтайды<sup>5</sup>. Социологтар халық денсаулығын еңбек, тұрмыс, тәрбие, адамдардың психоэмоционалдық жағдайы сияқты әлеуметтік-экономикалық және табиғи факторлар кешенімен сипатталатын халықтық және мемлекеттік жақсы тұрмысының басты негіздерінің бірі ретінде қарастырады.

ҚР ҚК 296-306-бб және ҚР ҚК 310-бабында қарастырылған қылмыстардың тікелей объектілері адамдардың тұтынушылығын қанағаттандыруға лайықты қалыпты дене бітімінің және психикалық амандығы байқалатын қоғамдық қатынастардың жеке тобы қылмыстық заңмен қорғалатын халық денсаулығы болып табылады.

Көптеген жағдайларда қылмыс құрамының белгісі ретінде төмендегідей нәрселер аталады: есірткі құралдары немесе жүйкеге әсер ететін заттар (ҚК 296,297,298-бб) құрамында есірткі заттары бар өсімдіктер (ҚК 300-б), есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін және улы заттарды дайындау үшін қолданылатын аспаптар немесе құрал-жабдықтар, улы заттар, заттар (301-б), есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін және улы заттар (303-б), адамдардың өмірі немесе денсаулығына, не қоршаған ортаға қауіп төндіретін хабарлар, дәлелдер немесе болмыстар туралы ақпараттар.

Халық денсаулығына қарсы қылмыстардың нәрсесі болатын есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттар осы топтағы бүкіл қылмыстарды біріктіретін жалпы негізді құрайды.

1998 ж. 10 шілдедегі «Есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар және оларды заңсыз айналдыру мен шектен тыс қолдануға қарсы әрекет шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес «Есірткі құралдары Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бақылауға, сол сияқты 1961 ж. түзетумен енгізілген 1972 ж. хаттамаға сәйкес есірткі құралдары туралы БҰҰ Бірыңғай конвенциясына жататын есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлар Тізіміне кіретін, қолданғанда психикалық және физикалық тәуелділікті тудыратын синтетикалық және табиғи шыққан заттар деп түсіндіріледі.

Ұлттық заңнамада жүйкеге әсер ететін заттарға алғаш рет анықтама беріледі. Олар – Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бақылауға Қазақстан Республикасының халықаралық келісім-шартына, соның ішінде 1971 ж. жүйкеге әсер ететін заттар туралы БҰҰ Конвенциясына жататын есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлар Тізіміне кіретін, қолданғанда психикалық және физикалық тәуелділікті тудыратын синтетикалық және физикалық табиғи шыққан заттар.

**Әдебиеттер: 1-4; 10; 26-36; 38-39; 51; 60; 94; 96.**

**Семинарлық сабақ – 1 сағат**

**Семинарлық (тәжірибелік) сабақтың сұрақтары:**

1. Халық денсаулығы мен адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2. Есірткі құралдарын заңсыз айналдырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар

а) есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу (ҚР ҚК 296-б.)

б) есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу (ҚР ҚК 297-б.)

3. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алу (ҚР ҚК 298-б.) Аталған сұрақтың шешімі ҚР заңы «есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» 10.07.1998 ж., ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Есірткі, психотроптық және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы» 14.05.1998 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

**Тәжірибелік сабақ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабақтың сұрақтарына ауызша жауап дайындау..

Есептерді шешу:

**Есеп №1** Азамат Озеровтың жеке меншік үйінен кеппеген салмағы 500гр марихуана табылған.



*Озеров қылмыстық жауапқа тартыла ма? Озеровтың іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*ҚР ҚК-ң 296-бабына сипаттама беріңіз.*

**Есеп №2** Кудасов өзінің он бес жасар көршісі Тахирға, Энск қаласының бір шетінде тұратын жолдасы Елубаевтан дәрі әкеп беруін сұрайды. Тахир Елубаевтан түйілген орманы алып, үйіне маршруттік таксимен келе жатқанда оны полиция қызметкерлері ұстайды. Бұл оралған заттың ішінен салмағы 200 грамм гашиш есірткі заты табылған.

*Кудасов әрекетінде қылмыс құрамының белгілері бар ма? Егер болса, онда оның іс-әрекетін саралаңыз.*

*Тахир мен Елубаевтің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

**Есеп №3** Максимов есірткі затын сатумен айналысқан. Есірткі заты бітіп қалған себептен ол Токарев пен Сергеевке төрт пакет ақ порошок сатады. Соттық-химиялық сараптама қорытындысы бойынша, Токарев пен Сергеевтан алынған пакетте қант құмы болған.

*Токарев пен Сергеев қылмыстық жауапқа тартыла ма?*

*Максимов әрекетін саралаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

**Есеп №4** Каримов белгісіз біреуден құрамында әсер ету күші аз есірткі бар дәрі сатып алады. Содан кейін ол химиялық-фармацевтикалық заводта істейтін өзінің танысы Колбаевтан құрамында көп мөлшердегі есірткісі бар порошок жасап беруін сұрайды. Колбаев белгілі бір сомаға келісе отырып, дәріні ұсатып, құрамында күшті есірткісі бар ұнтақ жасайды. Колбаевтың пәтеріне тінту жүргізу барсында полиция қызметкерлерімен бұл ұнтақ тәркіленеді.

*Каримов пен Колбаевтың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Қандай әрекеттер жүйкеге әсер ететін есірткі заттар мен психотроптық заттарды өңдеу белгілеріне жатады.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

**Әдебиеттер: 1-4; 10; 26-36; 38-39; 51; 60; 94; 96.**

**ДООЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Семинар сабағын оқу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен мәні жөніндегі сұрақтарды талқылап өз ойы мен ұсынысын қалыптастыру. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу, оқталу және өз еркімен бас тарту бойынша қылмыстық-құқықтық бағасы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралауды үйрену.

**ДООЖ жүргізу нысаны:** қарастырылып отырған сұрақтардың мәселелерін талқылау.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:**

Семинар сабағының тақырыбына қатысты дайындалуда қажетті нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар оқулықтарды, монографияларды қолдану.

Заңдық әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудағы мәселелер жөніндегі өз ұсыныстарын білдіру.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау жөніндегі біліктілігін арттыру, осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыру.

**Әдебиеттер: 1-4; 10; 26-36; 38-39; 51; 60; 94; 96.**

**ДӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауда өзіндік дағдыларын қалыптастыру және шолу жасай отырып қылмыстық-құқықтық сипаттамасын жасау. ҚР заңы «есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» 10.07.1998 ж., ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Есірткі, психотроптық және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы» 14.05.1998 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қылмыстық-құқықтық сипаттамасы (ҚР ҚК 296-299, 302б.б.)

**Реферат тақырыптары:**

1. Халық денсаулығы мен адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2. Есірткі құралдарын заңсыз айналдырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Әдебиеттер: 1-4; 10; 26-36; 38-39; 51; 60; 94; 96.**

**Тақырып -10: Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау.**

**Дәріс – 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Мелекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы.

2. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі.

3. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК 361-бабы).

4. Пара алу (ҚР ҚК 366-бабы).

5. Қызметтік жалғандық жасау (ҚР ҚК 369-бабы). Аталған сұрақтардың шешімін ҚР 25.09.2003ж. «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңындағы (21.07.2007ж. өзг.толық.); ҚР Жоғарғы Соты нормативтік қаулысы 22.12.1995ж. «Соттардың паракорлық үшін жауаптылық көздейтін заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» қаулысындағы (20.12.1999 ж. өзг. мен толық.) және ҚР Жоғарғы Сотының 13.12.2001ж. «Сыбайлас жемқорлықпен

байланысты қылмыстар бойынша соттардың қылмыстық істерді қарастыру тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысы ндағы шешімдері.

### **Дәріс тезісі:**

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық пен өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекшелігі қоғамдық қауіпті әрекеттерді заңдарды сақтау және қорғауға міндетті адамдардың жасауында болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары екі жақтылықтың, яғни екі тұстың болуымен сипатталады: біріншіден, өзінің қызметтік жағдайын пайдаланушы мемлекет қызметкері, екіншіден, қызметтік мүдделеріне қарсы әрекетін өзінің пайдасы үшін қолданатын адамдар<sup>6</sup>.

Аталған қылмыстардың кең таралуы мемлекет аппаратының сыбайластығы заң шығарушыны мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстармен күресуде қатаң шаралар қолдануына мәжбүрлейді.

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық пен өзге де қылмыстармен күрес саласындағы заң шығарумен және өзге де құқық қолдану мәселелерін шешу «сыбайлас жемқорлық қылмыстары» мен «мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар» ұғымдарының мағынасы мен мазмұндарын түсінуді талап етеді, олардың анықтамасы заңда және заң әдебиеттерінде осы сұрақтарды қарастыруда бірыңғай көзқарастың болмауымен күрделене түскен.

Қарастырылып отырған қылмыстардың белгілерінің ерекшелігін көрсету және осының негізінде мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар түсінігінің қалыптасуы қылмыстың мына белгілерін ашуда маңызды: қоғамдық қауіпті әрекеттерді саралау, қылмыстың сабақтас құрамдарының айырмашылығын анықтау, аталған қылмыстар және өзге де құқық бұзушылықтарды шектеу.

Аталған әрекеттер объектілік жақтың құрылымы бойынша 2 топқа бөлінеді:

- материалдық құрылымды қылмыстар
- формальды құрылымды қылмыстар

Материалдық құрылымды жақтың міндетті белгілеріне заң шығарушы азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін елеулі түрде бұзатын әрекеттерін жатқызуға болады.

Азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу, ең алдымен, құқық қорғаушы объектілерін елеулі түрде материалдық шығынға ұшырату.

Елеулі түрдегі материалдық шығын мүліктік, жекелік және ұйымдық болып бөлінеді.

Мүліктік шығын қылмыс жасалған кездегі ҚР заңымен анықталған айлық көрсеткіш есеп мөлшеріндегі ақшамен анықталады.

Жәбірленушінің денсаулығына жеңіл немесе орташа ауырлықты зиян тигізген жағдайда жекелеген зиянды елеулі деп есептейді.

Ұйымдық зиян кәсіптің, ұйымның жұмысын тоқтату, азық-түліктің шығарылуын тоқтату, олардың жұмысына кедергілер тигізген жағдайлар саналады.

Елеулі түрдегі зиянға азаматтардың конституциялық құқығын, бостандығын бұзу, сол органның беделін түсіру, ауыр зардаптарын тигізу.

Материалдық зиянның түсініктемесі нақты кәсіпорын мекеменің қалыпты жұмысына кері әрекеттердің әсерінің деңгейі болып табылады, шығынның көлемі, жәбірленушінің саны, моральдық-физикалық, мүліктік шығын мен зиянның ауырлығы. Мүліктік-жекелік ұйымдық зияндар бағалық сипаттамаға ие.

ҚК 15 тарауында қарастырылған барлық қылмыстардың субъективтік жағы кінәнің қасақаналығымен сипатталады. ҚК 371 бабында қарастырылған қылмыс құрамы ерекше болып есептеледі. Онда кінәнің абайсыздық нысаны ғана мүмкін.

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүддесіне қарсы сыбайлас жемқорлық және басқа да қылмыстардың міндетті элементі азаматтармен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу болып табылады.

Құқық пен заңды мүдделерді бұзудың елеулілігін бағалауда істің барлық жағдайлар жиынтығын, соның ішінде сапалық және сандық жағынан тигізген зиянды ескеру керек.

Сапалық жақ заңның аталған құндылықтарын азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін бұзу фактісін анықтайды.

Сандық жақ осы құндылықтарды бұзудың мөлшерін, деңгейін бағалайды: нақты материалдық шығын, моральдік зиян, алынбай қалған пайда, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзу, залалдар, мемлекеттік органдардың беделін түсіру, қоғамдық тәртіпті бұзу т.б.

**Әдебиеттер: 1-2; 5-6; 24-25; 26-36; 42-43; 54; 56; 79.**

**Семинарлық сабақ – 1 сағат**

**Семинарлық (тәжірибелік) сабақтың сұрақтары:**

1. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы.
2. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі.
3. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК 361-бабы).

4. Пара алу (ҚР ҚК 366-бабы).

5. Қызметтік жалғандық жасау (ҚР ҚК 369-бабы). Аталған сұрақтардың шешімін ҚР 25.09.2003ж. «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңындағы (21.07.2007ж. өзг.толық.); ҚР Жоғарғы Соты нормативтік қаулысы 22.12.1995ж. «Соттардың парақорлық үшін жауаптылық көздейтін заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» қаулысындағы (20.12.1999 ж. өзг. мен толық.) және ҚР Жоғарғы Сотының 13.12.2001ж. «Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар бойынша соттардың қылмыстық істерді қарастыру тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысындағы шешімдері.

**Тәжірибелік сабақ –1сағат**

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабақтың сұрақтарына ауызша жауап дайындау..

Есептерді шешу:

**Есеп №1** Совет аудандық полиция бөлімінде полиция лейтенанты Калькин «Алаутрансгаз» АҚ аумағынан металл ұрлау туралы тергеуге дейінгі тексеріс бойынша сезікті Лавренюктің әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы шешім шығарады. Содан кейін белгіленген заңды тәртіп бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы материал Қазыбек би аудандық прокуратурасына жіберіледі. Калькин шығарылған шешім туралы Лавренюкті хабардар етпестен, оның тұрғылықты мекен-жайына барып, қылмыстық іс қозғау және оны сотқа жіберу туралы қорқытып, Лавренюкқа қатысты оның пайдасына қарай шешім қабылдау үшін, яғни қылмыстық іс қозғаудан бас тарту үшін одан 35000 теңге талап етеді. Лавренюк амалсыздан қойылған талапқа келісімін береді. Екі күн өткеннен кейін, келісілген жерде «Амбир» казиносының алаңқайында Калькиннің жеке өзіне 35000 теңге көлемінде ақша сомасын береді.

*Калькин іс-әрекеттерінде қандай құқық бұзушылықтың құрамы бар екендігін анықтаңыз.*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

**Есеп №2** Совет аудандық әскери комиссариаты бастығының орынбасары Қойлыбеков Латвияда тұрақты тұруға қоныс аударуына байланысты әскери билетін жеделдетілген мерзімде қайта қалпына келтіріп жасап беруі үшін, азамат Вороновтан 300 АҚШ долларын сұрайды. Келісілген уақытта Қойлыбеков өзінің қызметтік кабинетінде аз. Вороновтан 150 АҚШ долларын алып, қалғанын ақша сомасының бөлігін әскери билетті алған кезде беруіне келіседі.

*Қойлыбековтің іс-әрекетінде қандай құқық бұзушылықтың құрамы бар екендігін анықтаңыз.*

*Вороновтың іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

**Есеп №3** Қарауыл бастығы полиция капитаны Умашев соттағы қарауыл бөлмесінде айыптылар Ионин және Сагитовпен бірге, сондай-ақ күзетшілер Беріков және Өміровтермен ішімдік ішіп отырғанда ауыр қылмыс жасағаны үшін ұсталған Ионин қашып кетеді.

*Умышевтың іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Беріков пен Өміров қылмыстық жауаптылыққа тартылады ма?*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

**Есеп №4** Энск қаласы ІІБ жол-патрульдік полициясының қызметкері, полиция сержанты Әбдібек белгіленбеген жерде сауда-саттықпен айналысу оқиғасы бойынша ешқандай шара қолданс үшін Песковтан 5500, Ивановтан 6000, Добродокинадан 7500 теңге алады.

*Әбдібектің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

**Есеп №5** Сарыарқа аудандық ІІБ тергеу бөлімінің бастығы Мазыбеков қызметтік бабын пайдаланып, Байшаловадан Алматы аудандық ІІБ тергеушісімен зорлау қылмыстық құқық бұзушылығы үшін жауапқа тартылып жатқан оның жиені Сапишевтің пайдасына оңтайлы шешім қабылдау мәселелесін шешіп беру үшін 500 АҚШ долларын алады.

*Мазыбековтің іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Жауаптылық мәселесін шешіңіз.*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

**Әдебиеттер: 1-2; 5-6; 24-25; 26-36; 42-43; 54; 56; 79.**

**ДООЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Семинар сабағын оқу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен мәні жөніндегі сұрақтарды талқылап өз ойы мен ұсынысын қалыптастыру. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу, оқталу және өз еркімен бас тарту бойынша қылмыстық-құқықтық бағасы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралауды үйрену.

**ДООЖ жүргізу нысаны:** қарастырылып отырған сұрақтардың мәселелерін талқылау.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:**

Семинар сабағының тақырыбына қатысты дайындалуда қажетті нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар оқулықтарды, монографияларды қолдану.

Заңдық әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудағы мәселелер жөніндегі өз ұсыныстарын білдіру.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау жөніндегі біліктілігін арттыру, осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыру.

**Әдебиеттер: 1-2; 5-6; 24-25; 26-36; 42-43; 54; 56; 79.**

**ДОЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауда өзіндік дағдыларын қалыптастыру және шолу жасай отырып қылмыстық-құқықтық сипаттамасын жасау. ҚР 25.09.2003ж. «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңындағы (21.07.2007ж. өзг.толық.); ҚР Жоғарғы Соты нормативтік қаулысы 22.12.1995ж. «Соттардың парақорлық үшін жауаптылық көздейтін заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» қаулысындағы (20.12.1999 ж. өзг. мен толық.) және ҚР Жоғарғы Сотының 13.12.2001ж. «Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар бойынша соттардың қылмыстық істерді қарастыру тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысы ндағы шешімдері.

### **Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қылмыстық-құқықтық сипаттамасы (ҚР ҚК 361-371б.б.)

#### **Реферат тақырыптары:**

1. Мелекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы.
2. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі.
3. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК 361-бабы).

**Әдебиеттер: 1-2; 5-6; 24-25; 26-36; 42-43; 54; 56; 79.**

## **2.10. Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсыным**

«Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы аясында қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың өзекті мәселелері» пәні қылмыстық-құқықтық нормаларды қолданудың негізгі сатыларының бірі – қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауды қарастыруға арналады. Құқық қолдану қызметінің бұл түрі қылмыстық заңдарды қолданудың тұтас процесінде маңызды орын алады. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау құқық нормаларының басқа да көптеген түрлерін қолдануға негіз бола алады.

Пәнді оқудың докторанттардың алдына қойылатын мақсат және міндеттерді айқындайтын мынадай ерекшеліктері бар:

1. Докторанттар қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымын, түрлері мен маңызын, олардың сатыларын, қылмыстық құқық бұзушылық құрамы элементтері бойынша саралаудың ерекшеліктерін, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген категорияларын саралаудың арнайы мәселелерін жан-жақты зерделеулері тиіс.

2. Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін докторанттар дәріс сабақтарынан алған білімдері мен оларға ұсынылатын әдебиеттерді оқып, семинар және тәжірибе сабақтарына белсенді түрде қатысуымен қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың теориялық негіздерін игеруде жүйелі оқулары керек.

3. Пәнді оқу қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімдері нормаларын терең түсінуге негізделеді.

4. Докторанттар қылмыстық заңдардың дамуын жете қадағалап отырулары керек. Заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізілгендігі жөніндегі ақпараттарды олар дәрістерден және де кафедраның оқу-әдістемелік кабинетінен алады.

5. Пәнді терең игеру ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын жүйелі түрде оқып-зерделеуді талап етеді, себебі оларда қылмыстық құқық бұзушылықты саралау мәселелеріне қатысты сот-тергеу органдарына арналған міндетті түсіндірмелер көзделеді.

Қылмыстық заң нормаларын қолдану – күрделі де әрқилы процесс. Бұл дегеніміз қылмысты-құқықтық нормалардың әр түрлі сипаттамаларымен байланысты.

Аталған пән қылмыстық-құқықтық нормаларды қолданудағы негізгі кезеңдердің бірі – қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауды қарастыруға арналған.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау құқық нормаларын қолданудың басқа түрлеріне негіз бола алады. Тек соттың шешімімен ғана қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау жүзеге асырылған соң кінәліге жазаның қайсыбір түрлерін қолдану; сотталған адамға мекеменің қай түрімін тағайындау сұрақтарын шешуге болады.

Осы орайда, қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың мәселелерін зерттеу негізінде докторанттар әрекеттерді қылмыстық-құқықтық тұрғыдан дұрыс бағалау тәсілдеріне үйрету қарастырылады. Докторанттардың қолданыстағы қылмыстық заңдылықтың соңғы өзгертулері мен толықтыруларымен таныстырудың маңызы зор екендігін атап өткен жөн (ҚР Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014 жыл ).

## **2.11. Курстық және тәжірибелік жұмыстарды орындау бойынша нұсқаулық пен әдістемелік ұсыным**

### **Рефератты жазуда қойылатын негізгі талаптар**

Докторанттар (дәріс, семинар немесе тәжірибелік сабақтарда) болмағанда және бекітілген тәртіппен өтемдер жойылмаған жағдайда, ұсынылған бағдарлама бойынша немесе бекітілген тақырыптар бойынша реферат дайындайды.

Рефератты жазу барысында кем дегенде екі теориялық сұрақтарды қамту қажет, жазба текстімен көлемі 10 беттен аспауы керек. Қаралатын әрбір сұрақтан кейін қортындысы мен тәжірибемен байланысы көрсетілуі керек. Жұмысты өзіндік сағат уақытында орындайды. Баға қою арқылы рефератты қоғау семинар сабағында жүргізіледі және қортындысы межелік бақылауда немесе сынақта ескеріледі.



## Жобаны техникалық тұрғыда рәсімдеу ережесі

Тексті жазу барысында келесі талаптарды ескеру қажет:

Word 6.0 for Windows текстің теру, шрифт Times New Roman, кегль 12, 1-жазу жол аралығы, жол: сол жақ -3 см., оң жақ – 1 см., жоғары-2 см және төмен - 2,5 см. Жұмыс көлемі – 10 - 15 бет. Компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалана отырып кейбір терминдерді әртүрлі шрифтте көрсетуге болады.

Жүйелік жоспар кіріспеден, тақырыптың мазмұнын ашатын 2-3 сұрақтан, қорытындыдан және қолданылған әдебиеттер мен әдебиеттердің қайнар көздер тізімінен құралады.

Әдебиеттерді қарау барысында түрлі әдебиеттердегі авторлардың пікірлерін жүйелі қолдануға ерекше назар аударып, қаралған сұрақ бойынша сілтемелердің дұрыс жазылуына, сот-тергеулік тәжірибенің мысалдарының жазылуына, өз көзқарасын дұрыс жаза білуге көңіл бөлу қажет. Осы аталғандардың барлығы реферат жазу барысында орындалады.

Жұмыстың кіріспесі нақты тақырып бойынша жалпы негізде баяндалады. Онда тақырып бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы, мемлекеттік және үкіметтік шешімдер, ғылыми тұрғыдан тақырыптың өзектілігі және оның теориядағы және тәжірибедегі қолданыс маңыздылығы айтылады.

Рефераттың басты мағыналық қызметі жұмыстың жоспарында белгіленген негізгі сұрақтарды орындау барысында қаралады. Яғни, осы сұрақтар арқылы тақырыптың ашылуы қаралып, зерттеудің мақсаты шешіледі.

### 2.12. Өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың саралануы – бұл: әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтау ҚР ҚК баптарындағы бекітілген белгілер мен қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілерінің бірдейлігін анықтау жасалған әрекеттің белгілері мен ҚР ҚК Ерекше бөлімінің баптарындағы белгіленген белгілерінің бірдейлігін анықтау және заңды түрде бекіту қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігін анықтау қылмыс жасау салдарынан орын алған қоғамды қауіпті зардапты анықтау

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың саралануының түрлері: ресми, соттық аутентикалық, соттық аутентикалық, доктриналық ресми (легальдық), доктриналық (ғылыми) аутентикалық, ресми (легальдық), соттық

3. Қылмыстық жауаптылықтың негізі не болып табылады: қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын мойындау

қылмыстық құқық бұзушылықпен ауыр зардаптар келтіру айыпталушы ретінде қылмыстық жауаптылыққа тарту қылмыстық құқық бұзушылық іс қозғау

4. Қандай заңдардың кері күші бар: іс-әрекет істелген уақытта заңды күші бар заңның сол іс-әрекетке қолданылуы әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын, жауаптылықты немесе жазаны жеңілдететін заңның кері күші болады барлық іс-әрекетке жауаптылық пен жазаны жеңілдететін заңның қолданылуы іс-әрекет жасалғанға дейін заңды күшіне енген заңның сол іс-әрекетке қолданылуы іс-әрекеттің жазаланушылығын жеңілдететін заңның қолданылуы

5. Қылмыстық жауаптылық қай сәттен аяқталады: жазаның өтелмеген бөлігі жеңілірек жаза түрімен ауыстырылған сәттен тағайындалған жазаны өтеген сәттен жазадан шартты түрде босатылған сәттен соттылығы өтелген немесе алынып тасталған сәттен жазадан ауруға шалдығуына байланысты босатылған сәттен

6. Қандай жағдайда ҚР ҚК Ерекше бөлімінде көзделген әрекеттің белгілері қылмыстық құқық бұзушылық болып танылмайды: формальды болса да, бірақ елеулі маңызы болмағандақтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян

келтірмеген және зиян келтіру қауіпін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік елеулі маңызы бар қоғамға қауіпті іс-әрекет немесе әрекетсіздік қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қауіпін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қоғамға қауіпті, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірген және зиян келтіру қауіпін туғызған іс-әрекет немесе әрекетсіздік формальды болса да, қоғамға қауіпті, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірілген және зиян келтіру қауіпін туғызған іс-әрекет немесе әрекетсіздік

7. Қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттің қоғамға қауіптілік белгілерінің мазмұны қандай: қылмыстық құқық бұзушылық қылмыстық заңмен белгіленген тыйым салуды бұзады қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге зиян келтіреді немесе зиян келтіру қауіпін туғызады қылмыстық құқық бұзушылық оны жасағаны үшін тиісті жазаны міндетті түрде белгілуді болжайды қылмыстық құқық бұзушылық мораль нормаларын бұзады қылмыстық құқық бұзушылық адамның әрекетке және зардаптарға тиісті психикалық қатынасының бар болуында жасалады.

8. Көрсетілген белгілердің қайсысы қылмыстың формальды белгісі болып табылады: қоғамға қауіптілік құқыққа қайшылық кінәлілік

жазаланушылық  
моральға жатшылық

9. Қылмыстың объектісі бойынша саралау нені білдіреді:

қоғамға қауіпті қол сұғушылық кезінде қылмыстың затын анықтау

қылмыскердің қол сұғатын қоғамдық қатынастар мен мүдделерді анықтау

қылмыс жасау қаруы мен құралын анықтау

қылмыскер қол сұғатын мүддені анықтау

қылмыскер қол сұғатын қоғамдық қатынастарды анықтау

10. Қылмыстың заты бойынша саралау - бұл:

қылмыс жасау кезінде орын алған қоғамға қауіпті зардапты анықтау

материалдық дүниенің қылмыс жасауға септігін тигізетін заттарын анықтау қылмыс жасау қаруын анықтау

қылмыс жасау қаруы мен құралын анықтау

қылмыс объектісіне қол сұғатын адамның әсер ететін материалдық дүниенің затын анықтау

11. Қылмысты саралау кезінде материалдық құрамының объективтік жағының міндетті белгісі болып табылады:

қоғамға қауіпті әрекет, қоғамға қауіпті зардап және себепті байланыс қоғамға қауіпті әрекет, қоғамға қауіпті зардап

қоғамға қауіпті әрекет

қоғамға қауіпті әрекет, уақыт,

қылмыстың жасалу орны

қоғамға қауіпті әрекет, уақыт, орны, қылмыстың жасалу әдісі

12. Қылмыстың объективтік жағының факультативтік белгілері келесідей жағдайда ескеріледі:

қылмыстарды саралауда және жаза тағайындау кезінде

қылмыстарды саралауда

сотпен жаза түрін анықтауда

қылмысты аяқталды деп тануда

қылмыстық-құқықтық норманың бәсекелестігі

13. Әрекетсіздік үшін қылмыстық жауаптылық шарты болып не табылады:

адамның әрекет ету міндеті

адамның белгілі бір әрекет жасауға мүмкіндігі бола тұра, әрекетсіздік жол беру жағдайы

қылмыс жасаған адамның жауапты мемлекеттік лауазымды болу жағдайы

адамның әрекет етуге мүмкіндігі бола тұра және болуы тиіс жағдайда әрекетсіздік жасауы

қылмыс жасаған адамның мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам болған жағдайда

14. Қылмыстың ниеті мен мақсаты келесідей жағдайда ескеріледі:

қылмысты саралау кезінде және сотпен жаза тағайындауда

адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуда

қылмысты саралауда

адамды қылмыстың арнаулы субъектісі ретінде тануда

жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуда

15. Қылмыс жасау қаруларын немесе құралдарын берумен қылмыс жасауға жәрдемдескен адам

қатысушылардың қайсысы деп танылады:  
орындаушы  
ұйымдастырушы  
айдап салушы  
физикалық көмектесуші  
интеллектуалдық көмектесуші

16.Қылмыс жасау кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат берген, қылмыс жасауға жәрдемдескен адам қатысушылардың қайсысы деп танылады:  
орындаушы  
ұйымдастырушы  
айдап салушы  
физикалық көмектесуші  
интеллектуалдық көмектесуші

17.Адам өлтірудің жай түріне (ҚР ҚК 99-бабының 1 бөлімі) жатады:  
адамдар тобының өлтіруі  
бірнеше рет кісі өлтіру  
ұрыс пен төбелес кезінде кісі өлтіру  
қанды кек себебі бойынша кісі өлтіру  
аса қатігездікпен кісі өлтіру

18.Жан күйзелісі жағдайында болған адам өлтірудің сараланған түрі (ҚР ҚК 101-бабы):  
ҚР ҚК 101 б. 1 бөлігінде аталған мән-жайлар кезінде жасалған екі немесе одан да көп адамды өлтіру әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік өшпенділік себебі бойынша аса қатыгездікпен жасалған көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған пайда табу мақсатымен

19.Адам өлтірудің (ҚР ҚК 99-б.) ұғымы:  
басқа адамға қаза келтіру

басқа адамға қасақана немесе абайсыздықта қаза келтіру  
басқа адамға абайсыздықта қаза келтіру  
басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру  
өмірінен айыру

20.Өмірдің бастапқы кезеңі болып табылады:  
эмбрионның қалыптасқан сәттен анасының құрсағында бала қозғалған сәттен  
баланы көтеру сәттен  
қалыпты физиологиялық толғақтың басталған уақыты  
дұрыс жауап жоқ

21.Жаңа туған баланы анасының өлтіруі (ҚР ҚК 100-бабы) субъектісі:  
жұбайы  
жақын туыстары  
16 жасқа толған жаңа туған сәбидің анасы  
кез келген адам  
дәрігерлер

22.Зорлау (ҚР ҚК 120 б.) кезінде қорқытудың ұғымы:  
масқаралайтын мәліметтерді жариялаймын деп қорқытумен  
мүлікті құртамын деп қорқытумен  
мүлікті бүлдіремін деп қорқытумен  
күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытумен  
өзінің ойын таратамын деп қорқытумен

23.Нәпсіқұмарлық сипатындағы күш қолдану (ҚР ҚК 121 б.) іс-әрекеттері:  
еркек пен еркектің жыныстық қатынасы  
әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы  
жыныстық қатынасын жасау

еркек пен еркектің, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері нәпсіқұмарлық сипаттағы күш көрсету әрекеттерінің тізімі белгіленбеген

24. Ұрлықтың (ҚР ҚК-188 бабы) саралаушы белгісі:  
алдын-ала сөз байласқан адамдар тобымен бірнеше рет тұрғын үй-жайға, қоймаға заңсыз кіру қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға, не көлік құралының салонына заңсыз кіру жоғарыда көрсетілгеннің барлығы

25. Тонау аяқталған (ҚР ҚК-191 б.) деп саналады:  
мүлікке нақты ие болу сәттен мүлікті алғанда мүлікті алуға оқталған сәтінен мүлікті иемденген сәтінен иелену, пайдалану, билік ету сәтінен

26. Қарақшылық (ҚР ҚК 1942б.) аяқталды деп саналады:  
шабуылға дайындалған кезден бөтеннің мүлкін алған кезден бөтеннің мүлкін ұстап қалған кезден шабуыл жасау сәтінен зардабының пайда болуы қажет

27. Алаяқтық (ҚР ҚК 190 б.) аяқталды деп саналады:  
алдаған кезден бастап сенімге қиянат жасаған сәттен бастап

бөтеннің мүлкін иемденген сәттен бастап бөтеннің мүлкіне құқық алған сәттен бастап иелену, билік еткен сәттен бастап

28. Есірткі заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстың объектісі не болып табылады (ҚР ҚК 296-бабы):  
халықтың денсаулығы;  
адамгершілік;  
қоғамдық қауіпсіздік;  
қоғамдық тәртіп;  
адамзаттың қауіпсіздігі;

29. Қылмыстық құқықта лауазымды тұлға болып танылады:  
ұйымдастырушылық-әкімшілік міндеттерді атқарушы тұлғалар;  
жеке меншік түрлері ұйымдарының қызметкерлері;  
кәсіби қызметтерді орындаушы тұлғалар;  
мемлекеттік меншік түріндегі қызметерде жетекші лауазымын атқарушы тұлғалар;  
тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық - әкімшілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді атқарушы адам.

30. Терроризм актісінің нысандары:  
жарылыс жасау;  
адамдардың қаза болуы;  
мүліктік зиян;  
өрт қою.  
бір нысаны жеткілікті.

## Докторанттардың білімдерін бағалау өлшемдері

Пән бойынша емтихан бағасы аралық бақылау – 60% мен аралық аттестациялау (емтихан) 40% үлгерімінің ең жоғары көрсеткіштері және 100% құрайтын қорытынды бағамен яғни төмендегідей формуламен анықталады:

$$И\% = P1 + P2/2 \times 0,6 + Э \times 0,4$$

Мұндағы: P1 — бірінші рейтингтегі пайыздық мазмұны;

P2 — екінші рейтингтегі пайыздық мазмұны;

Э — емтихан бағасының пайыздық мазмұны.

Осыған орай қорытынды бағаның есептеуі дұрыс болуы үшін аралық бақылау (рейтинг) мен қорытынды емтиханда оқитындардың білімін бағалау 0-ден 100-ге дейінгі пайызбен есептелуі қажет.

### Докторанттардың білімі, іскерлігі мен дағдысы мынадай жүйе бойынша есептеледі:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	өте жақсы
B	3,33	85-89	Жақсы
B+	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	Жақсы
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлық
D-	1,33	55-59	Қанағаттанарлық
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

### 2.13. Пән бойынша емтихан сұрақтары

1. 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы аясында қылмыстық саясаттың заманауи дамуының негізгі бағыттары.

2. Қазақстан Республикасының ұлттық қылмыстық заңнамасының заманауи деңгейде даму тенденциясының мәселелері.

3. 2010-2020-жылдардағы құқықтық саясат тұжырымдамасының аясында Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатының заманауи дамуының негізгі бағыттары.

4. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығында қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың теориялық мәселелері.

5. Қылмыстық заңнаманың дамуы кезіндегі қылмыстық құқық қағидалары. Қоландыстағы Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы

бойынша қылмыстық құқық қағидалары, олардың түрлері және жалпы сипаттамалары.

6. Қоландыстағы қылмыстық заңнама бойынша қылмыстық құқық бұзушылық, оның сипаттамасы мен саралаудағы құқықтық мәні. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық.

7. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы қылмыстық жауаптылық негізі. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері мен түрлері, олардың қылмыстық заңды қолданудағы мәні. Қылмыстық заңды қолдануда қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері.

8. Қасақана қылмыс жасау сатылары. Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту және оның белгілері. Шынайы өкінудің өз еркімен бас тартудан айырмашылығы.

9. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша сыбайлас қатысудың ұғымы мен мәні. Сыбайлас қатысудың объективтік және субъективтік жағы. Сыбайлас қатысушылардың түрлері. Сыбайлас қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негізі мен шегі. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» №2 21.06.2001 ж.

10. Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасы бойынша топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылық. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» №2 21.06.2001 ж.

11. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің түрлері мен ұғымы. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігін басқа да күрделі қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуы, жиынтығы және қылмыстық қайталануының құқықтық салдары. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Қылмыстық жаза тағайындау кезінде соттардың заңдылықты сақтау туралы» 30.04.1999 ж., «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 25.12.2006 ж., «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» 25.12.2007 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

12. Қылмыстық құқық бұзушылықты объектісі бойынша саралау. Қоғамға қауіпті салдардың факультативтік белгілері, объективтік жағының белгілері.

13. Қылмыстық құқық бұзушылықты объектісі бойынша саралау. Қоғамға қауіпті әрекетердің арнайы субъектімен жасалуы, субъективтік жағының белгілері: кінә, ниет, мақсат.

14. Қылмыстық жаза ұғымы мен мәні. Жаза мақсаты. Қазақстан Республикасының заңнамасының тарихы және қолданыстағы қылмыстық заңнамасы бойынша жаза жүйесі. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнама бойынша жаза түрлері. Жазаны жүзеге асыруда құқық қорғау органдары мен соттардың рөлі. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Қылмыстық жаза тағайындау кезінде соттардың заңдылықты сақтау

туралы» 30.04.1999 ж., «Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 19.10.2001ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

15. Қылмыстық жауаптылықтан босату тәртібі мен негізі. Қылмыстық жауаптылықтан бостудың түрлері. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық-құқықтық салдары. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Қазақстан Республикасы қылмыстық кддексінің 67-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» 21.06.2001ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

16. Қылмыстық жазадан босату ұғымы. Жазадан босатудың негізі, түрлері және осы институттың әлеуметтік-құқықтық мәні. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату туралы» 11.04.2002 ж., «Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы» 25.12.2007 ж.

17. Қылмыстық құқықтың бірнеше рет жасалуы мен жиынтығының теориялық мәселері. Аталған сұрақтың шешімін ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 25.12.2006 ж.

18. Қылмыстардың қайталануы қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі ретінде. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігінің басқа да түрлерінен айырмашылығы. Аталған сұрақтың шешімін ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» 25.12.2007 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

19. Адамды саудаға салуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың кейбір мәселелері. Саралаудың негіздері мен белгілері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілікті анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» 29.12.2012 ж.

20. Зорлау және нәпсіқұмарлықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» 11.05.2007 ж.

21. Денсаулық пен өмірге қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың теориялық және тәжірибелік мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

22. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың теориялық және тәжірибелік мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстары және оларға қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы» 11.04.2002ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).



23. Ұрлық ұғымы мен түрлері. Саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 11.07.2003ж., «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 23.06.2006 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

24. Тонау мен қарақшылық айырмашылығы. Теориялық және тәжірибелік мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 11.07.2003ж., «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 23.06.2006 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

25. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың теориялық және тәжірибелік мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР заңы «Терроризмге қарсы іс-әрекет туралы» 13.07.1999 ж., ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» 21.06.2001ж., «Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылығыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы» 21.07.1995 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

26. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың теориялық және тәжірибелік мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» 12.01.2012 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

27. Есірткі, психотропты және сол тектестердің заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың теориялық және тәжірибелік мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР заңы «есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» 10.07.1998 ж., ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Есірткі, психотроптық және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы» 14.05.1998 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

28. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың теориялық және тәжірибелік мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» 18.06.2004 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

29. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР заңы «Мемлекеттік қызмет туралы» от 23 шілде 1999. (соңғы өзгерт. мен толықт. 4.06.2001, 11.03.2003, 21.04.2003, 25.09.2003, 8.07.2005, 21.07.2007, 7.12.2009ж), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 02.07.1998 ж. (соңғы өзгерт. мен толықт. 28.04.00, 9.08.2002, 25.09.2003, 11.05.2004, 21.07.2007, 7.12.2009), ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Парақорлық үшін жауапкершілік жөніндегі заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» 22.12.1995 ж., (соңғы өзерт мен толықт. 20.12.99.,22.12.2008ж.). «Соттардың сыбайлас жемқорлыққа

байланысты қылмыстар жөніндегі қылмыстық істерді қарау практикасы туралы» 13.12.2001 ж (соңғы өзгертулер мен толықтырулар 22.12.2008ж.).

30. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектілері. Аталған сұрақтың шешімі ҚР заңы «Мемлекеттік қызмет туралы» от 23 шілде 1999. (соңғы өзгерт. мен толықт. 4.06.2001, 11.03.2003, 21.04.2003, 25.09.2003, 8.07.2005, 21.07.2007, 7.12.2009ж), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 02.07.1998 ж. (соңғы өзгерт. мен толықт. 28.04.00, 9.08.2002, 25.09.2003, 11.05.2004, 21.07.2007, 7.12.2009), ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Парақорлық үшін жауапкершілік жөніндегі заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» 22.12.1995 ж., (соңғы өзерт мен толықт. 20.12.99.,22.12.2008ж.). «Соттардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар жөніндегі қылмыстық істерді қарау практикасы туралы» 13.12.2001 ж (соңғы өзгертулер мен толықтырулар 22.12.2008ж.).

**2.14. Құрастырғандар:** Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті з.ғ.к., полиция полковнигі Г.Ж.Мухамадиева, кафедра аға оқытушысы, полиция капитаны Н.С.Сембиев.